«Экономика» газеті қазақ, орыс тілдерінде шығады. Тұрақты айдарлары: «Бизнес және Қоғам», «Бизнес және Әлеумет», «Бизнес және Дайджест» т.с.с. Жалпы, безендірілуі және экономикалық тақырыптағы мақалалар жариялауда «Экономика» басылымы еліміздегі ең беделді басылымдар

санатында. Басылым ұжымы оқырманның экономикалық сауатын ашу жолында нәтижелі еңбек етіп келеді.

Сегіз беттен тұратын «Қазақстан Іскері» қоғамдық-экономикалық газетінің «Қоғам», «Қаржы-қаражат», «Компаниялар», «Нарық», «Бизнес Академия», «Технология» айдарларында оқырман көз алмай оқитын тартымды әрі қызықты мақалалар бар.

Экономикалық тақырыпта еліміздегі барлық дерлік қоғамдық-саяси басылымдар қалам тербейді. Яғни, олардың әрқайсысында экономикалық қосымша беттер мен тұрақты айдарлар бар. Атап айтқанда, «Жас Қазақ» газеті – «Дәулет», жауапты шығарушы – Гүлзат Нұрмолдақызы; «Дала мен Қала» қоғамдық-саяси апталығы – «Экономика», редакторы – Бауыржан Сабырбеков. «Түркістан» газеті – «Ырыс», жауапты шығарушы – Жаңабек Шағатай. «Алматы Ақшамы» – «Жібек жолы – Экономика», қосымшаның редакторы – Құттыбек Аймахан. Бұл басылымдарды қолына алып көрген кез-келген оқырман, басылымның ең басты бағыты жұрттың экономикалық сауатын көтеріп, халықты сауда-саттықа бейімделуге үндейтінін аңғарады.

Негізі, экономика тақырыбына тереңнен толғап қалам тартатын басылымдар елімізге ауадай қажет. Оны талабы қатты нарық заңы әлдеқашан дәлелдеді. Мұндай басылымдар қоғамның қаржылық сауатын арттырып, жалпы, ел экономикасының дамуына айтарлықтай серпін беретінін жоққа шығара алмайтынымыз тағы шындық. Журналист экономика тақырыбына қалам тербеу үшін бұл саладан терең мағлұмат, жан-жақты хабары болғаны дұрыс. Мүмкіндік болса, экономикалық білім алуға, болмаса, осы тұрғыда білімді жетілдіретін түрлі семинарларға қатысқанның артықтығы жоқ. Күнделікті, мамандырылған басылымдар оқып, осы саланың сарапшыларымен жиі пікірлес болуға тырысқан абзал.

Қысқаша айтқанда, экономика тақырыбында жазу үшін ең алдымен ақпараттық дайындық мол болғаны абзал. Салалық тақырыпта мақала жазу жайында әрбір журналистің өз тәжірбиесіне сүйене отырып айтатын өзіндік пікірлері бар. Журналист Ақас Тажутов: «Журналист қай саланы жазса да сол саланың

білгірі болуы керек. Енді өмірде әртүрлі жағдай болады. Мысалы, банк саласында қызмет етіп жүріп, кейін журналистика саласына ауысқан адамдар бар. Бұлардың жазғаны оқылымды. Өйткені, салалық қызмет түрін де жете меңгерген, жазудың да қыр-сырын меңгерген адам оқылымды жазады. Оның не айтқысы келіп отырғанын оқырман түсінеді. Ал бізде көбінесе түсінбей жазу бар. Орысша жазылған ақпаратты интернеттен аударып алып, түсінбей жазған адамның білімсіздігі көрініп тұрады. Сондықтан, экономика тақырыбына журналист жазса да, экономист жазса да түсініп жазғаны абзал дегенді айтқым келеді және олардың кәсіби білімі болғаны қажет» [2].

Қазақ тілді БАҚ үшін игерілмей жатқан тың сала – интернет-басылымдар. Ел ішінде «Zona.net», «Dialog.kz» сынды басылымдардың тұрақты оқырманы бар. Бірақ экономикалық басылымдары енді қалыптасып жатқан елімізде қазіргі таңда тек іскерлік-қаржылық салаға арналған интернет басылымдар жоқ. Еліміздегі бұқаралық ақпарат құралдарынан ең таңдаулы мақалаларды іріктеп басатын «Абай», «Назар», «Мінбер.кз» сайттары жалпы экономикалық тақырыпта жазылған мақалаларды жариялайды.

Қорыта келгенде айтарымыз, біріншіден, мерзімді басылымдар нөмір сайын бір калонканы экономикалық терминдердің мағынасын түсіндіруге арнауы тиіс. Тіпті, газет-журнал арқылы салалық сөз – терминдер арасында қазақтың дүниетанымына сай келетіндері болса, оларды қолданысқа енгізу туралы ұсыныс та жасауға болады. Ол үшін сала мамандарын, ғалымдарды тартуға болады. Ал бұл экономикалық тақырыптан хабары аз оқырманның білім көкжиегін кеңейтіп, оған жазылған мақаладағы термин атаулыны қиындықсыз түсінуіне ықпалдасады. Екіншіден, экономикалық газет-журналдар ұлттық мақсат-мүддеден айырылмауы тиіс. Әсіресе бұл бағыт қазіргідей жаһандану дәуірінде аса қажет. Үшіншіден, басылымдарда мәні мен мазмұны ішкі-сыртқы әлеуметтік-экономикалық және саяси, мәдени оқиғаларға қатысты жарияланымдарға сараптама жасалып отыруы Оқырманды бей-жай қалдырмайтындай аса маңызды, өзекті деген тақырыптарға қозғау салып отырса құба-құп бола еді.

**Әдебиеттер**

- 1 Жүсіп Н. // Жас қазақ, – 2008. №24, 28 маусым.
- 2 Тажуатов А. // Экономика, – 2010. 27 мамыр – 3 маусым.

**References**

- 1 Zusip N. // Zas kazak, -2008. №24, 28 mausym.
- 2 Tazyatov A. // Ekonomika, -2010. 27 мамыр – 3 mausym.

Ошанова О.Ж.

**Бұқаралық ақпарат құралдары  
саласындағы интеллектуалдық  
меншікті қорғау**

Бұл мақалада құқықтық журналистиканың теориялық мәселелерінің бір тармағы болып табылатын бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы интеллектуалдық меншікті қорғау мәселесі жан-жақты сарапталып, оның заңдық негіздері талданады.

Бүгінгі күнде көпшіліктің ғана емес, жалпы салалық мамандардың құқықтық сауаттылығын арттыру күн тәртібіне қойылып, әрі қоғам дамуының қажеттілігі ретінде мойындалуда. Еліміздің заңдарына сәйкес журналистер қызмет барысында өз материалдарын дайындау және жариялау кезінде айтарлықтай құқықтарға ие болады. Автор өз мақаласында осы жоғарыда аталған мәселелерді зерттеу нысанына алып, өзіндік тұжырымдар жасаған.

Мақалада БАҚ-тың түрлі салаларының бір жүйеде, бір негізде қолданылу үдерісі (конвергенция) журналистердің, оның ішінде штаттағы және штаттан тыс кәсіби мамандардың авторлық құқықтарының қорғалуын күшейтуді күн тәртібіне қойып отырғандығы да жақсы көрсетілген.

**Түйін сөздер:** БАҚ, журналист, құқық, интеллектуалдық меншік, авторлық құқық.

Oshanova O.J.

**Protection of intellectual rights  
on the media system**

This research evaluates the protection of intellectual rights on the media system. The author in the article shows the features of the creative work of the journalist and the realization of professional special interests in the status of the journalist, which derived from the specificity of its social role.

The article also discusses the most important properties which together distinguish journalism from other professions, and above all about its artistic character and the public service elements. According to the law of the our country in a professional journalist activity when he prepares and publishes materials for mass media has certain special rights and the advantage is clearly demonstrated in this article.

The article also provides an overview on the recently published study about the protection of intellectual rights on the media system.

**Key words:** mass media, journalist, regulation, law, rights, intellectual property law, of copyright.

Ошанова О.Ж.

**Защита интеллектуального  
права в области СМИ**

В предлагаемой статье автор рассказывает о защите интеллектуального права в области СМИ, показывает характерные черты творческой работы журналиста и пути реализации профессиональных интересов и статуса журналиста, которые производны от специфики его социальной роли.

В статье также рассматривается вопрос о тех важнейших свойствах, которые в своей совокупности отличают журналистику от других профессий, и прежде всего – ее творческом характере и элементах публичной службы. По закону Республики Казахстан журналист в процессе подготовки материалов обладает некоторыми особыми правами, и эти преимущества наглядно демонстрируются в данной статье.

В статье также содержится обзор исследований о защите интеллектуального права в области СМИ.

**Ключевые слова:** СМИ, журналист, интеллектуальное право, закон, авторское право.



**БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ  
ҚҰРАЛДАРЫ  
САЛАСЫНДАҒЫ  
ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ  
МЕНШІКТІ ҚОРҒАУ**

БАҚ саласындағы қызмет кезінде интеллектуалдық меншікке қатысты мәселелер әрқашанда туындап отырады, ол – заңдылық.

**Ақпарат және шығарма.** Ақпарат құралдары саласында ең алдымен азаматтық құқық нысанының екі түрімен жиі ұшырасамыз, біріншісі – меншік құқығының нысаны ретіндегі ақпаратпен, екіншісі – ерекше құқық нысаны болып танылатын туындылар. Электрондық БАҚ-та бұл жүйеге төмендегідей сабақтас құқықтардың нысаналары қосылады: орындаушылық, фонограммалар, эфирлік және кабельдік хабар тарату жүйелерінің бағдарламалары.

Мерзімді баспасөз басылымдарындағы авторлық құқық нысандарын жүйелейтін болсақ, оларды былайша жіктеуге болады:

а) редакцияның штаттағы қызметкерлерінің жазған әдеби туындылары (қызметтік туындылар);

ә) штаттан тыс тілшілер мен авторлардың әдеби туындылары;

б) басылымды типографиялық өңдеу кезіндегі беттеу және т.б. жұмыс түрлері.

Мерзімді басылымдарда қоғам өмірінде күнделікті болып жатқан оқиғалар туралы ақпараттар басылып жатады. БАҚ-та жарияланған басқа мәтіндерден ерекшелігі, жаңалықтар шығармашылық ізденістің жемісі болып табылмайды, яғни автор деректерді талдап немесе баяндап жатпайды, өзінің жеке қолтаңбасын қалдырмайды. Әрине қажетті ақпараттарды жинау көп күш жігерді және уақытты қажет етеді, жаңалықтардың еркін таратылуы азаматтардың ақпаратқа деген еркін қолжетімділігі құқығымен түсіндіріледі, яғни нақтырақ айтсақ, ақпараттар авторлық құқық нысаны ретінде мойындалмайды. ҚР «*Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы Заңының*» (ҚР 1996 жылғы 10 маусым) 8-бабында авторлық құқық объектілері болмайтын туындылар қатарына «оқиғалар мен фактілер туралы ақпараттық сипаттағы хабарлар» енгізілген.

Заң бойынша «ресми құжаттар (заңдар, сот шешімдері, заң әкімшілік, сот сипатындағы және дипломатиялық сипаттағы өзге де мәтіндер), сондай-ақ олардың ресми аудармалары» авторлық құқықты қорғаудың нысанына кірмейді. Нақтырақ айтсақ, мұндай мәтіндерді БАҚ-та жариялауға еркіндік берілген, яғни

шек қойылмайды. Алайда, кәсіби журналистердің жоғарыда аталған Заңға сәйкес ескеретін бір тұсы бар, егер сот шешімін жариялау немесе парламенттегі пікірсайыстар туралы есептерді жазу барысында журналист оларды іріктеу және қалың көпшілікке ұсынудың пішінін таңдау кезінде өзіндік қолтаңбасын қалдырса, онда бұл мәтіндердің авторлық құқық нысанына алынатынын естен шығармау керек.

БАҚ саласында көп дау тудыратын мәселелердің бірі, ол – *сұхбаттың авторлық құқықтық табиғаты*. Бұл туралы Заңдарда нақты шешімдер көрсетілмеген, алайда сұхбаттағы сұхбат алушы мен сұхбат берушінің авторлық құқықтары туралы ғалымдар мен заңгерлер түрлі көзқарасты ұстанады. Мәселен, ресейлік ғалым А.П. Сергеев «бұл жерде сұхбат сияқты әдеби туындының құрылуына сұхбат алушы және сұхбат беруші қандай үлес қосты, осыны ескеру керек» десе, ал В.А. Дозорцева бастаған ғалымдар «сұхбатқа деген авторлық құқық сұхбат берушіге және оны ұйымдастырған тұлғаға тиесілі, жауапкершілікті екеуі бірлесе көтереді, екеуі серіктес авторлар болып табылады, егер де екеуінің арасында басқа да келісім шарт болмаған жағдайда. Сұхбатты пайдалану тек сұхбат берушінің рұқсатымен ғана жүзеге асырылады» деген тұжырым жасайды (1).

Екі пікірмен де келіспеске болмайды. Шынында да туынды ретінде сұхбат журналист пен сұхбат берушінің өзара шығармашылық қарым-қатынасы негізінде туындайды. Алайда олардың қосқан үлесі әр түрлі деңгейде болуы мүмкін. Мысал ретінде екі жағдайды алайық. *Біріншісі*, журналист сұхбат берушінің әрбір ойын суыртпақтап, оны мақұлдатып, сол алынған жауап мазмұны негізінде мәтін жазады. Бұл орайда журналистің сұхбат алу барысындағы үлесінің қомақты екенін аңғаруға болады, яғни әңгіменің барысын бір арнаға бұрып, сұхбат берушінің ойын нақтылайды және одан алған мәліметтерін жүйелейді. Ал сұхбат берушінің шығармашылық үлесіне келер болсақ, оның тұлғалық бейнесі жауаптарының мазмұнына тәуелді болады. Егер жауаптары тек ақпараттық (мысалы, өрт сөндіру маманы орын алған өрт оқиғалары туралы мәліметтерді жарияласа) немесе біртектес мазмұнда болса, онда сұхбат беруші серіктес болып мойындалмайды. *Екінші жағдай*: журналистің ұсынысы бойынша сұхбаттасушы адам өзінің мақаласын береді, ал сұхбат алушы мақаланың мазмұнына сай сұрақтарды ара-арасына кіріктіріп, тиісті бөлімдерге бөліп, сұхбатқа айналдырады.

Бұл жағдайда журналист редактордың рөлін атқарады, автор ретінде мойындалмайды және серіктес автор да бола алмайды.

Жалпы алғанда сұхбатты серіктес авторлар еңбегінің жемісі деп қараған жөн сияқты, яғни сұхбат шын мәнінде екі адамның шынайы әңгімесі мен шығармашылық үлесінің, әрі жауапкершілікті тең сезінуінің нәтижесінде туындаса, онда ол біртұтас дүние деп мойындалар еді. Ескеретін мәселе, сұхбатты қолдану құқығын сұхбат алушы да және сұхбат беруші де бірлесіп қолдана алады, ал серіктес авторлардың біреуінің негізсіз, нақты бір себепсіз бірлескен туындыны қолдануға шектеу қоюына болмайды. Бұл туралы ҚР «*Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы Заңының*» (10-бабында «Тұтас алғанда туындыны пайдалану құқығы тең авторларға ортақ. Тең авторлардың өзара қатынастары олардың арасында жасалған келісім арқылы белгіленуі мүмкін. Егер тең авторлардың туындысы бөлінбейтін біртұтас дүние болса, тең авторлардың бір де бірінің туындыны пайдалануға жеткілікті негіздері болмайынша тыйым салуға құқығы жоқ» – деп көрсетілген.

Бұл мәселеде көңіл аударатын жайт, егер журналист сұхбатты редакцияның тапсырмасы бойынша әзірлесе, яғни қызметтік міндетінің бірі ретінде атқарса, онда туындының құқықтық табиғаты күрделенеді, яғни сұхбат редакция үшін қызметтік құқық нысаны болып танылады. Алайда сұхбат алушы үшін бұл оның құқықтық жауапкершілігін өзгертпейді, журналист туындының серіктес авторы болып қалады, оған қатысты қызметтік құқық деп мойындалмайды, осылайша ол барлық құқықтарының сақталуын талап ете алады.

### Редакциялық почта

БАҚ-тың өз оқырмандарынан, тыңдармандарынан және көрермендерінен келген хаттары ақпарат алудың көзі ғана емес, ол аудиториямен кері байланыс жасаудың тиімді тәсілі де болып табылады. ҚР «*Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы*» Заңына (15-бап) сүйенсек, автордың өз туындысына қатысты мынадай мүліктік емес жеке құқықтары болады:

1) *туындының авторы деп танылу құқығы және оны тануды, соның ішінде, егер іс жүзінде мүмкін болса, туынды кез келген жария пайдаланылған кез келген жағдайда оның даналарына автордың есімін тиісті түрде көрсету арқылы тануды талап ету құқығы (авторлық құқық);*

2) туынды пайдаланылған кез келген жағдайда оның даналарына автордың шын есімінің орнына лақап есімін (бүркеншік есімін) көрсету және соны талап ету немесе есімін көрсетуден бас тарту құқығы, яғни жасырындық (есімі аталу құқығы);

3) туындының атауымен қоса, оған қол сұғылмаушылық құқығы, туындыны кез келген жолмен бүлдіруге, бұрмалауға немесе өзге жолмен өзгертуге, сондай-ақ автордың абыройына немесе беделіне нұқсан келтіре алатын басқа кез келген қол сұғушылыққа қарсы әрекет ету құқығы (автордың беделін қорғау құқығы).

Бұл Заңға сәйкес автор өзінің туындысының бүркеншік атпен және тақырыбымен қоса мазмұнының еш өзгеріссіз жариялануын редакциядан талап етуіне болады. Яғни басылым редакциясы оқырманнан келген хаттың мазмұнын тек автордың келісімімен ғана өзгерте алады деген сөз. Алайда тәжірибе жүзінде бұл заңдылықтар көбіне сақтала бермейді, оқырманның өз хатын басылымға жіберуінің өзі өз туындысының жариялануына мүдделілігі деп түсініледі де, хаттың жариялануына автордың келісімі сұрала бермейді. Сонымен қатар хат мәтінін өзгертуге қатысты да автордан рұқсат алынбайды.

Ең басты ескеретін жайт, ҚР «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңының 17-бабына сәйкес «Оқырмандар хаттарын жариялау кезінде олардың мәтінін қысқартуға және оның мазмұнының мағынасын бұрмаламай редакциялауға жол беріледі».

Ресей Федерациясының «БАҚ туралы Заңында» (1-бөлім, 42 бап) авторлық туынды мен хаттардың ара-жігі ашылып көрсетілген. Онда редакция авторлық туындыны қарастырғанда барлық құқықтарды сақтауға міндеттеледі және редакция автормен туындыны жариялаудың шарттары мен қолданылу мақсатын (туындының көлемі мен жариялану мерзімі, бүркеншік есімді пайдалану немесе құпия сақтау) бірлесе талқылауы тиіс.

Ал оқырман хаттарына келсек, бұл орайда екі елдің заңдары бір үдеден шығуды көздейді, яғни біздің еліміздің заңында (17-бап) «Егер заңда өзгеше көзделмесе, бұқаралық ақпарат құралы редакциясын ол қабылдамай тастаған материалды жариялауға ешкімнің де міндеттеуге құқығы жоқ» – деп көрсетілсе, ал Ресей Федерациясының заңында (1-бөлім, 42 бап) «Редакция не обязана отвечать на письма граждан и пересылать эти письма тем органам, организациям и должностным лицам, в чью компетенцию входит их рассмотрение».

Никто не вправе обязать редакцию опубликовать отклоненное ею произведение, письмо, другое сообщение или материал, если иное не предусмотрено законом» – деп айқындалған.

### Журналистік туынды және авторлық құқық

Еліміздің заңдарына сәйкес журналистер қызмет барысында өз материалдарын дайындау және жариялау кезінде айтарлықтай құқықтарға ие болады. Мәселен, ҚР «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңының 20-бабына сәйкес, «өзі дайындаған хабарлар мен материалдарға қолын қойып, шартты атын (бүркеншік атын) көрсетіп таратуға; материалдың мазмұны редакциялық түзетуден кейін журналистің жеке сөзіне қайшы келсе, оған өз қолы қойылып жариялануынан бас тартуға; авторлық және ақпарат көздерінің құпиясы соттың талап етуімен жарияланған жағдайларды қоспағанда, бұл құпияларды сақтауға құқығы бар». Ал ҚР «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңына (14-бап, 2 тармақ) сүйенсек, «қызметтік туындыға мүліктік (айрықша) құқықтарға жұмыс беруші ие болады», яғни «Қызмет бабында міндеттерді немесе жұмыс берушінің қызметтік тапсырмасын орындау тәртібі бойынша жасалған туынды авторының мүліктік емес жеке құқығын қызметтік туынды авторы иеленеді». Нақтырақ айтсақ, журналистің қызметтік туындысын қолдану немесе иелену құқығы автордың емес жұмыс берушінің үлесіне бұйырады. Алайда бұл жерде аталған заңның 14-бап, 2 тармағындағы мына ережені ескеру керек: «Қызмет бабындағы міндеттерді немесе жұмыс берушінің қызметтік тапсырмаларын орындау тәртібімен энциклопедияларды, энциклопедиялық сөздіктерді, ғылыми еңбектердің мерзімді және жалғастырыла беретін жинақтарын, газеттерді, журналдарды және басқа да мерзімді басылымдарды жасауға бұл баптың ережелері қолданылмайды». Тұжырымдап айтар болсақ, журналистің мерзімді басылым беттерінде жарияланатын туындысын даярлау және жариялау барысында оның шығармашылық еркіндігі мен кәсіби құқығы сақталады деген сөз.

ҚР «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңына (1996 жылғы 10 маусым) сәйкес автор деп шығармашылық еңбегімен ғылым, әдебиет, өнер туындысын жасаған жеке тұлға танылады (2-бап, 1 тармақ). Газет-журналдардың редакциялары, ақпарат агенттіктері заңдық тұлғалар болып танылады да, олар

автор деп мойындалмайды. Алайда, заң оларға мүліктік авторлық құқықтың өтуіне мүмкіндік береді. Мұндай жағдай қызметтік және құрамдас туындыларды жасау кезінде іске асырылады. Қызметтік міндеттерді немесе жұмыс берушінің тапсырмасын орындау кезінде жасалған туындының иегерлерінің авторлық құқығы туралы мәселе «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңында былайша анықталған: Қызмет бабында міндеттерді немесе жұмыс берушінің қызметтік тапсырмасын орындау тәртібі бойынша жасалған туынды авторының *мүліктік емес жеке құқығын қызметтік туынды авторы иеленеді* (14-бап, 1 тармақ); Егер жұмыс беруші мен автор арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, *қызметтік туындыға мүліктік (айрықша) құқықтарға жұмыс беруші ие* болады (14-бап, 2 тармақ). Мұндай құқықтардың өзара алмасуы жұмыс беруші мен журналистің өзара жасаған еңбек келісім-шарты негізінде іске асырылады.

Бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланатын туындылардың көпшілігі штаттағы журналистерге тиесілі. Бұл журналистердің барлығы редакциямен еңбек құқық шартын жасасқандар және олардың туындылары жалпы ережеге сәйкес қызметтік туындылар деп танылады. Осы негізде қарастырар болсақ, осы аталған туындылардың барлығын қолдану құқықтары, сонымен қатар оларды көшіріп басу құқығы редакцияның құзырындағы іс болып табылады.

Авторлық құқық туралы заңда «редакция» деген түсінік жоқ, дегенмен «БАҚ туралы Заңдағы» «редакция» сөзінің «баспагер» деген түсінікпен мағыналас екенін айта кеткіміз келеді, оны заңдар негізінде дәлелдер болсақ, мәселен «БАҚ туралы Заңда» (7-бап, 1 тармақ) «редакция меншік иесінің тапсыруы бойынша бұқаралық ақпарат құралын әзірлеуді және шығаруды (эфирге шығаруды) жүзеге асырады» делінсе, ал «баспагер – бұқаралық ақпарат құралының өнімін өндіруді материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға» (9-бап, 1 тармақ) деп көрсетілген. Нақтылай кетсек, «БАҚ туралы заң» бойынша қолданылатын редакция түсінігі мен «Авторлық құқық туралы заңында» айтылатын баспагер сөзінің түпкі қолданылу мағынасы бір, өйткені екеуінің де түпкі мақсаты мерзімді басылымдарды әзірлеу және шығару. Сондай-ақ радио мен телевизия саласындағы сабақтас құқықтардың нысанына кіретін хабарларды әзірлеу және тарату құқығы, оларды материалдық-техникалық тұрғыдан жабдықтаушы кәсіпорындарға емес, эфирлік және кабельдік хабар тарату ұйымдарына беріледі.

БАҚ-тың түрлі салаларының бір жүйеде, бір негізде қолданылу үдерісі (конвергенция) журналистердің, оның ішінде штаттағы және штаттан тыс кәсіби мамандардың авторлық құқықтарының қорғалуын күшейтуді күн тәртібіне қойып отыр. Журналистердің газет-журнал беттерінде жарияланған материалдары көшіріліп басылып қана қоймай, сандық пішінде де қолданыла бастады. Бұл үдеріс көп жағдайда автордың келісімінсіз және оған тиісті еңбекақысы төленбей іске асырылып жатады. Интернеттің пайда болуымен бірге журналистердің туындыларын еш рұқсатсыз пайдалану тәжірибесі жиілеп кетті және оны реттеу жолдары қарастырылмай отыр.

Журналистік туындылардың авторлық құқығын қорғау мәселесі күн тәртібінде тұр. Ұлыбританияда газет баспагерлері басылымдарда жарық көрген туындыларды қолдануға рұқсат беретін Газеттік Лицензиялық агенттігін (Newspaper Licensing Agency Ltd.) құрған. Ал АҚШ-та бұл мәселелерді шешумен Жазушылардың ұлттық одағы аясында құрылған туындыға құқық беру Авторлық Регистрі және клирингтік палатасы айналысады. Мұндай жеке мүшелікке өту бағытына негізделген авторлық қоғамдар журналистердің, сонымен қатар штаттан тыс тілшілердің мүліктік және мүліктік емес құқықтарын тиімді түрде қорғай алады. Қазіргі таңда Интернет жүйесінде журналистік туындыларды қолдану мәселесін реттеу үшін халықаралық деңгейде газет материалдарын әзірлеушілердің бірлескен жүйесін құру (PRESS MARK) төңірегінде жұмыстар атқарылуда.

### **Мерзімді басылымдар авторлық құқықтың негізгі нысанасы ретінде**

Қазіргі ғылымда мерзімді басылымдарды «ұжымдық еңбектің жүйесі» ретінде қарастыру орын алған, өйткені ондай туындыларды құрастыру нақты белгіленген авторлардың қатысуынсыз атқарылады деп ұғынылады (мысалға, антологиялар, дайджестер), дегенмен бұл түсініктің мағынасын түсіну ауқымдырақ болып отыр, яғни бүгінгі күнде туынды ұжымдық еңбек жемісі деп саналуы үшін ол ұжымдағы әріптестерді бір мақсатта жұмылдырып, олардың әрқайсысының шығарманы әзірлеуде қосқан шығармашылық үлесін айыру мүмкін болмастай етіп тоғыстырып, біртұтас материал әзірлеу жауапкершілігін және белсенділігін мойнына алған заңдық тұлғаның басқаруымен шығару аздық етеді, сонымен қатар әр адамның жекелей

қосқан шығармашылық үлесі біртұтас жүйеде жұтылып кетпейтіндей айқын көрініс табумен қоса, әрі үндестік тауып тұруы керек.

Еліміздің авторлық құқық туралы заңында (*ҚР «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңы, 7-бап, 3 тармақ*) газет-журналдарды ұжымдық емес, құрама туындылар жиынтығы деп қарастырады. Заң бойынша газеттер, журналдар және басқа да мерзімді басылымдар материалдарды іріктеу және орналастыруды жүзеге асыру үдерістері шығармашылық (құрастырушылық) еңбек нәтижесі болып табылатын құрамдас туынды санатына жатқызылады. *Заңның 11-бап, 2 тармақшасына* сәйкес мерзімді басылымдарды жарыққа шығаратын баспагерге мұндай басылымдарды тұтас пайдалануға айрықша құқық беріледі. Баспагер мұндай басылымдарды кез келген жағдайда пайдаланса да өзінің атауын көрсетуге немесе оны көрсетуді талап етуге құқылы. Өйткені бұл басылымдар құрамдас туындылар ретінде авторлық құқықтың нысаны деп есептеледі, осыған орай оларды пайдалануға берілген баспагерлердің (редакцияларға) айрықша құқықтары осы *Заңның 16-бабында* санамаланып көрсетіл-

ген барлық мүліктік құқықтарды да (туындыны қайта шығару, туындының түпнұсқасын немесе даналарын кез келген әдіспен тарату, туындыны жария көрсету, туындыны жария орындау, туындыны жария хабарлау, туындыны аудару, өңдеу, туындыны жалпы жұрттың назарына жеткізу) иеленуді көздейді. Нақтырақ айтсақ, басылымдардың редакциялары басқа адамдардың басылымды толық немесе жартылай (мысалға, газет материалын көшіріп басу) пайдалануына рұқсат бере алады.

Редакция баспагер ретінде төмендегідей құқықтарды иелене алады: біріншіден, басылымның нақты бір санын толығымен қолданудағы немесе пайдаланудағы айрықша құқығы; екіншіден, еңбек келісім-шарты негізінде жазылған қызметтік туындыларды пайдалануға деген айрықша құқық; үшіншіден, авторлық келісім-шарттар негізінде жазылып алынған басқа да туындыларды пайдалану құқығы.

БАҚ саласындағы қызмет кезінде интеллектуалдық меншікке қатысты мәселелердің туындап отыратыны заңдылық, оны сауатты заңдар негізінде реттеп қана қоймай, қажет болса жетілдіріп отыру керектігін өмір көрсетіп отыр.

#### Әдебиеттер

- 1 Проблемы интеллектуальной собственности в Гражданском кодексе России: Материалы международной научно-теоретической конференции // Труды по интеллектуальной собственности. – Т. I. – С. 69.
- 2 Қазақстан Республикасының «БАҚ туралы Заңы» / adilet.zan.kz сайты
- 3 Федотов М. Прововые основы журналистики. – М.: Гуманит. Изд. Центр Центр ВЛАДОС, 2002. – 157 с.
- 4 ҚР «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңы, 1996 жылғы 10 маусым, / adilet.zan.kz сайты
- 5 Закон Российской Федерации о средствах массовой информации, 27 декабря, 1991 год, №2124-1

#### References

- 1 Problemy intellektualnoi sobstvennosti v Grazhdanskom kodekse Rossyy// Trudy po intellektualnoi sobstvennosti. T. I. M., S. 69
- 2 Kazakhstan Respublikasynyn “BAK turaly Zany”/ adilet.zan.kz saity.
- 3 Fedotov M. Provovye osnovy zhurnalistiky. – M.: Gumanit. izd. Centr VLADOS, 2002. – 157 str.
- 4 Kazakhstan Respublikasynyn avtorlyk kuyyk turaly Zany, 1996 zhyl 10 mausym / adilet.zan.kz saity.
- 5 Zakon Rossiiskoy Federacy o sredstvah massoboyinformatcy, 27 dekabr,

Кенжегулова Н.С.

**Причины возникновения  
Декабрьского восстания  
1986 года: ретроспективный  
взгляд (К тридцатилетнему  
юбилею возникновения  
Декабрьского восстания)**

Kenzhegulova N.S.

**The causes of the December  
uprising in 1986: a retrospective  
revue (By the thirty-year  
anniversary of the  
December uprising)**

Кенжеғұлова Н.С.

**Желтоқсан оқиғасының пайда  
болуының себептері:  
ретроспективті көзқарас  
(Желтоқсан көтерілісінің 30  
жылдығының қарсаңында)**

Автор в статье, посвященной 30-летию возникновения Декабрьского восстания 1986 года, с ретроспективных позиций выясняет причины возникновения восстания, предпосылки, которые сопутствовали ему в гуще народного сознания. Обращаясь к памятным вехам казахской истории, автор доказывает явную закономерность возникновения восстания.

**Ключевые слова:** ретроспекция, масс-медиа, массовое сознание, теории прессы, авторитарный режим.

---

The author in an article on the 30th anniversary of the December uprising of 1986, with retrospective explains the reasons for the uprising, the conditions that accompanied him in the midst of the revival of national consciousness. Turning to the memorable milestones in the history of the Kazakh people, the author demonstrates a clear pattern of occurrence in-surrection.

**Key words:** retrospective, the media, the mass consciousness, media theory, authoritarian regime.

---

Автор мақалада Желтоқсан көтерілісінің 30 жылдығына орай заманауи, ретроспекциялық тұрғыдан көтерілістің шығу себептерін анықтауға тырысқан. Қазақ халқының басынан өткен «тар жол, тайғақ кешулерін» саралай отырып, көптеген деректерге сүйеніп, Желтоқсан көтерілісінің халқымыздың тарихындағы заңды құбылыс екенін дәлелдеген.

**Түйін сөздер:** ретроспекция, нәубет, бұқаралық ақпарат көзі, баспасөз теориясы, тоталитарлық режим.

**ПРИЧИНЫ  
ВОЗНИКНОВЕНИЯ  
ДЕКАБРЬСКОГО  
ВОССТАНИЯ  
1986 ГОДА:  
РЕТРОСПЕКТИВНЫЙ  
ВЗГЛЯД (К ТРИДЦАТИ-  
ЛЕТНЕМУ ЮБИЛЕЮ  
ВОЗНИКНОВЕНИЯ  
ДЕКАБРЬСКОГО  
ВОССТАНИЯ)**

**Введение**

В истории каждого народа имеются судьбоносные события, по своей значимости равняющиеся целым столетиям спокойного развития и в корне меняющие облик не только отдельного народа, но целой эпохи, круша до основания устоявшиеся формации, содействуя распаду существующих систем. Таким и было декабрьское восстание 1986 года, буквально взорвавшее, закосневшее под прессом тоталитарного режима мир и кардинальным образом повлиявшее на дальнейшую судьбу не только казахского народа и огромной империи под названием Советский Союз, но и всего Социалистического лагеря, сконцентрированного вокруг страны Советов общей идеей коммунизма.

Бывший Госсекретарь Республики, видный писатель, общественный деятель Абиш Кекильбаев в оценке декабрьского восстания 1986 года, в связи с его десятилетием, писал: «В Алма-Ате начался процесс развала колосса на глиняных ногах, казавшегося со стороны незыблемой коммунистической империей. С этой точки зрения движение можно расценить, во-первых, как событие, имевшее внутринациональное значение (пробуждение национального самосознания), во-вторых, как событие общесоюзного масштаба (давшее толчок суверенизации союзных республик) в-третьих, как событие мировой значимости (начало распада социалистического лагеря)» [1]. Несомненно, декабрьское восстание возникло стихийно, под влиянием одного или нескольких факторов, но оно подготавливалось исподволь, в самой гуще народного сознания, ему предшествовала тысячелетняя борьба казахского народа за свою независимость. На протяжении всей истории Степи тысячи и тысячи людей отдавали свои жизни за свободу. Сомнения и прозрения, падение духовности и взлет ее до невообразимых высот, противоречия света и тьмы, Добра и Зла, конечной целью противостояния которых и стала обретенная столь дорогой ценой желанная свобода.

**Основная часть**

Казахская народная пословица гласит: «Кувшин разбивается не в течение тысячи дней, а в один день», чаша народного терпе-

ния была переполнена именно в те декабрьские дни. По этому поводу первый президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев пишет: «В казахской истории было немало драматических и высоких минут, часов и дней. Одна из таких драматических и высоких минут в новейшей национальной истории – три декабрьских дня 1986 года» [2].

И хотя декабрьское восстание мы можем назвать одним из решающих моментов в истории народа, ему предшествовало множество восстаний в течение трех последних столетий. Они возникали на почве конфликтов демографического, политического, экономического и социального характеров. Именно они подводили народ время от времени к критической черте волнений. И весь этот печальный опыт истории, который, конечно же, по известным причинам, правители тоталитарного режима пытались скрыть от народа за ширмой «белых пятен», начавшиеся проявляться в годы перестройки в публикациях ретроспективной журналистики, одновременно пробуждали дремлющее сознание масс и расшатывали устои государственности огромной и неуклюжей империи. «Декабрьские (1986 г) события в Казахстане – это массовое, демократическое, национально-освободительное политическое восстание народа за самостоятельность и свободу республики против длительного и тотального ущемления национальных прав казахского народа» [3].

Исследование реагирования средств массовой информации Республики на восстание в разные периоды времени: до получения независимости Республикой и после, прежде всего, требует изучения характера публикаций, путей формирования общественного мнения в советской печати, а впоследствии в независимой прессе Казахстана.

Декабрьское восстание способствовало коренным преобразованиям средств массовой информации, так как прямым следствием его является изменение общественного строя.

После декабря «Отход от тоталитаризма и демократизация политической системы открыли широкие возможности для формирования критического мышления, не принимающего закостенелых форм и догм» [4], что явно свидетельствует о том, что декабрьское восстание 1986 года стало «пробным камнем» демократизации СМИ Республики. Если в советское время «...некоторые журналисты, особенно из центральных газет, не выходя из кабинетов, дают политические, экономические и моральные оценки целому народу

республики, событиям декабря 1986 года» [5], то и казахстанские СМИ шли на поводу партийных властей. И только после получения независимости ситуация изменилась в корне.

Одной из основных предпосылок восстания была длительная и затяжная колонизация казахских земель, которая в последние семьдесят лет прикрывалась идеологической ширмой коммунистического режима, «колонизация и ее последствия в течение трех столетий разрушали и уничтожали различными путями и методами менталитет народа, его духовную самобытность» [6]. А когда страдает основной стержень народа, его суть, то протест типа декабрьского восстания неизбежен и является исторической закономерностью. Корни колонизации Казахстана уходят на более чем 250 лет в прошлое. «Материалы российских ориенталистов и миссионеров говорят нам о том, что основная цель и задача их в казахской степи – изучение культуры казахов, быта, этнографии, географии и практики ведения хозяйства. Все это нужно было не столь для изучения казаховедения, сколько для управления и колонизации степного края» [6]. В официальной истории говорилось о добровольном присоединении Казахстана к России, а между тем демократические издания России XIX века писали о колонизации и даже работорговле, процветавшей в то время. «Если обратиться к уставу от 23 июля 1868 года, все вольные русские граждане имеют следующие права по обмену и передаче киргизских (казахских – Ф.Л.) детей: 1) разрешается продавать или менять киргизов обоюбого пола по достижению 25-летнего возраста; 2) продающие или меняющие киргизов должны сообщить пограничной комиссии Оренбурга; 3) приобретшие киргиза имеют право отдать его другому» [7].

Оккупация земель Казахстана проходила медленно, пришельцев привлекал невероятно дешевый человеческий труд, богатые природные ресурсы, необъятные просторы.

Естественно, двуликость отношений – с одной стороны, якобы, «добровольное присоединение» – с другой, страшная колонизация с фактами работорговли, посеяли семена сомнения в душах людей и сказались на их сознании и действиях. Недаром, то и дело в разных концах степи один за другим вспыхивали восстания, которые согласно идеологии, проводимой в те времена, квалифицировались по-разному, но все они носили черты национально-освободительного движения – это восстание, происшедшие в XIX веке под предводительством хана Кенесары



и Сырыма Датова, множество восстаний, происшедших в советское время: Адайское (в 1931 году), Сузакское (1930 году), Батпаккаринское в Тургайской области (в 1929 году), Иргизское, в Актюбинской области (в 1930 году) Бостандыкское в Сырдарьинском округе (в 1929 году) [8], и множество других, которые подавлялись жестоко и характеризовались как антинародные. Даже после установления Советской власти существовали колониальные взгляды на землю и население Туркестана. Мустафа Шокай в своей книге «Туркестан под властью Советов» приводит тезисы из выступлений Таболина – красного командира, который, выступая с докладом на заседании Туркестанского Центрального исполнительного комитета, говорил: [8] «Қырғыздар \қазақтар\ экономикалық жағынан әлжуаз, марксисттердің көзқарасы бойынша құрып бітуге тиіс. Сондықтан да төңкеріс үшін қаржыны аштық пен күреске шығындағынан да майдандарды... қолдауға жұмсаған маңызды...» Что в переводе означает: «Киргизы \казахи\ в экономическом отношении слабые, по мнению марксистов, они все равно должны исчезнуть – вымереть. Поэтому вместо того, чтобы тратить средства на борьбу с голодом, важнее всего их расходовать на поддержку фронтов...». Подобного рода документы до получения Республикой независимости тщательно скрывались или же прикрывались демагогическими «интернационалистскими» лозунгами, а между тем из истории известно, что ложные принципы, особенно в области межнациональных отношений, считаются взрывоопасными.

Одной из важных предпосылок является наличие явного перекося в демографической ситуации. Известный ученый-демограф, доктор политологии Макаш Татим в своей статье: «Қазақ ұлтының қасіреті» [9] пишет: «Демографическая наука поименно может назвать 17 событий, имевших грандиозные демографически вредные последствия, связанные с жизнью нашего народа в течение последних 275 лет». 13 из этих событий произошли в годы Советской власти, и, конечно, знание этих трагических цифр не помогали укреплению доверия народа той системе, которая явно не содействовала его прогрессу и процветанию. Среди этих событий можно назвать 1932 год, когда почти половина казахского народа погибла от голода, другая часть ушла за пределы страны, только третья – самая малая часть осталась на Родине и еле выжила.

Демографическая проблема в республике усугубилась еще тем, что в 20–30-ые годы на

территорию Казахстана были депортированы малые, так называемые «неблагонадежные» народы: корейцы, немцы Поволжья, турки-месхетинцы, в годы Великой Отечественной войны – чеченцы и другие.

Освоение целинных и залежных земель, казалось бы, совершенное во благо народа, ради обеспечения его дешевым хлебом и продуктами, также отрицательно сказалось на демографической ситуации казахского народа – в результате всех перечисленных процессов, он оказался в явном меньшинстве на своей собственной территории. И самое парадоксальное, этот факт вменялся в вину самому казахскому народу, мол, он остался в меньшинстве, значит должен отринуть от себя все национальное и стать интернационалистом.

Следующая предпосылка вытекает непосредственно из предыдущей – опасность потери национального менталитета. Это боязнь ассимиляции как физической, так и духовной, потеря культуры, языка, традиций и т.д. В сознании казахского народа эта фобия возникла еще четыре-пять столетий назад, а может и раньше, ведь были не только джунгарские нашествия, но и реальная опасность китайских завоеваний, территория древней Казахии во все времена была лакомым куском для захватчиков всех мастей. От духовной ассимиляции народ спасался различными путями. Если в годы тотальной исламизации возносилось все тюркское, то во времена джунгарского нашествия в XV – XII века, особенно остро встал вопрос о приверженности казахского народа к исламу. Даже главный документ Великой Степи «Бес жарғы» переделывался в ту эпоху в угоду мусульманской религии. [10] Потому что именно мусульманство стало в то время одним из факторов самосохранения нации.

Именно эти предпосылки подводили народ к выступлениям и волнениям, которые зачастую завершались восстаниями типа 1986 года. В статье «Великое восстание 1916 года в Казахстане и Средней Азии – звено в цепи колониальных движений народов Востока» [11] профессор К.Н. Кожахметов пишет: «Колониальный период в истории Средней Азии и Казахстана заполнен национально-освободительными движениями и вооруженными восстаниями народных масс. Исследователи насчитали около 300 подобных выступлений казахов против русского колониализма». Декабрьское восстание 1986 года, несомненно, является последним, и потому самым значительным в этом ряду.

Со стороны структур тоталитарной системы,

в том числе и в средствах массовой информации, наблюдались неоднократные попытки отобразить восстание в перевернутом виде, использовался метод «переактуализации», то есть, подача заведомо лживой, не соответствующей действительности информации как правдивой, что вызывало справедливый гнев у аудитории. Например, после декабрьского восстания 1986 года как идеологическими, так и партийными органами, также и в СМИ стали активно изыскиваться различные причины, послужившие, якобы, для «возникновения событий», и каждая из них была нелепей предыдущих.

Подобные предвзятые мнения высказывались со страниц центральной печати неспроста, видимо, уже тогда «подготавливалась» почва для общеизвестного Постановления ЦК КПСС, после которого весь народ был объявлен в национализме [12].

Самой основной причиной восстания является политическая. В обществе происходило обюрокрачивание чиновников-коммунистов. К декабрю 1986 года страна имела классическую сталинскую политическую модель социализма с широким отчуждением широких народных масс от управления государством» [1].

Вторая причина возникновения восстания – экономическая. Принципы плановой экономики, принятые советской системой, в реальной жизни оказались несостоятельными, страна постепенно катилась к краху.

Третьей причиной возникновения восстания является несоответствие декларируемого действительному. Этот вопрос касается непосредственно деятельности СМИ. Согласно принципам Советской Коммунистической теории прессы [13], в средствах массовой информации должна подаваться только та информация, которая угодна правящей коммунистической партии. Четвертая причина – социально-демографическая. Явно сказались последствия сталинского переселения народов, хрущев-

кое освоение целинных и залежных земель, результаты ударных комсомольскихстроек и другие кампании, сопутствующие коммунистическим и комсомольским акциям, и в конечном счете, ситуация сложилась таким образом, что казахский народ оказался в меньшинстве на своей собственной территории. Это было чревато непредсказуемыми последствиями, вплоть до исчезновения как нации. Страх перед уничтожением очень силен, он может вызвать бунт, восстание, революцию самых различных масштабов. Поэтому не удивительно, что, опасаясь потерять свой менталитет, культуру, язык, боясь за свое будущее, молодежь восстала против произвола тоталитарной системы. А то, что восстание совпало с уходом со своего поста Д.А. Кунаева и приходом Г.В. Колбина, – это всего лишь повод, совпадение событий. Просто наступил предел народному терпению. «Непосредственным поводом для протеста молодежи послужило пренебрежение мнением населения республики со стороны центра, направившего первым секретарем Компартии Казахстана совершенно неизвестного в республике партийного работника» [14].

### Вывод

Декабрьское восстание, подобно огромной лавине, сдвинувшей с места громадные пласты многовекового залежалого снега, очистило народное сознание от стереотипов и условностей, оказало огромное влияние на средства массовой информации, приобщив их к правде жизни. Развал Советского государства, получение бывшими союзными республиками независимости, в том числе и Казахстаном, пробуждение национального самосознания народа оказало прямое влияние на развал Социалистической системы и воздействие на активизацию общепланетарного демократического движения.

### Литература

- 1 Кекильбаев А. Суровое испытание накануне перемен// Казахстанская правда. – 1996. – 12 декабря.
- 2 Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. – Алматы, 1996. – С. 37.
- 3 Касимов С. Политико-правовые уроки декабрьских событий// Независимый Казахстан: декабрь 1986 года. – Алматы, 1996, с. 73.
- 4 Аяганов Б. Государство Казахстан: Эволюция общественных систем. – Алматы, 1993. – С. 71.
- 5 Ленгер Ф. Так что же все-таки было присоединение или колонизация?//Қазақ үні. – 1995. – 1 апрель.
- 6 Там же.
- 7 Газета «Дело». – 1870. – №3.
- 8 Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстанның қасіреті. – Алматы, 1997. – 126-215 б.
- 9 Тәтім М.Қазақ ұлтының қасіреті// Егемен Қазақстан. – 1996. – 8 сәуір.

- 10 Мынжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы, 1994. – 86-92 б.
- 11 Қожахметов К. Великое восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане// Қазақ үні. – 1994. – №4.
- 12 О работе Казахской Республиканской партийной организации по интернациональному и патриотическому воспитанию трудящихся: Постановление ЦК КПСС. – Алматы. – Июль, 1987.
- 13 Фред С. Сиберт и другие. Четыре теории прессы. – М., 1998. – С. 157.
- 14 Выводы и предложения комиссии Президиума Верховного Совета КазССР по окончательной оценке обстоятельств, связанных с событиями 1986 года в городе Алма-Ата 17-18 декабря 1986 года. // Казахстанская правда. – 1990, 28 сентября.

#### References

- 1 Kekilbaev A. Surovye ispytanie nakanune peremen// Kazakhstanskaia pravda, 1996, 12 dekabria.
- 2 Nazarbaev N.A. Na poroge XXI veka, Almaty, 1996, s. 37.
- 3 Kasimov S. Politico-pravovye uroki dekabrskih sobyti// Nezavisimyi Kazakhstan: dekabrij 1986 goda. – Almaty, 1996, s. 73.
- 4 Aiajanov B. Gosudarstvo Kazakhstan: Evoliutsia obshestvennyh sistem. – Almaty, 1993, s. 71.
- 5 Lenger F. Tak vse-taki bylo prisoedinenie ili kolonizatsia?//Kazak uni, 1995, 1 aprelj.
- 6 Tam zhe.
- 7 Gazeta «Delo», 1870, №3.
- 8 Omarbekov T. 20-30zhyldardagyKazakhstannyn kasireti.-Almaty, 1997, 126-215 better.
- 9 TatimM. Kazakh ultynyn kasireti // EgemenKazakhstan, 1996, 8 sauir.
- 10 Mynzhan N. Kazaktyn kaskasha tarihy. Almaty,1994, 86-92 better.
- 11 KozhahmetovK. Velikoevosstanie1916 godavSredneiAziiiKazakhstane // Kazakuni, 1994, №4
- 12 O rabote Kazakhskoi Respublikanskoi partiinoy organizatsii po internatsionaljnomu i patrioticheskomu vospitaniiu trudiashih: Postanovlenie TsK KPSS. Almaty, iunj, 1987.
- 13 Fred S. Sibert i drugie. Chetyre teorii pressy. M., 1998, s. 157.
- 14 Vivody i predlozhenia komissii Prezidiuma Verhovnogo Soveta KazSSR po okonchatelnoi otsenke obstoiatelstv, svyazannyh s sobytiami 1986 goda v gorode Alma-Ata 17-18 dakabria 1986 goda. // Kazakhstanskaia pravda, 1990, 28 sentiabria.

Құрманбаева А., Балабекұлы Д.  
**«National Geographic» журналы:  
бренд спецификасы**

National Geographic журналының қазақша нұсқасы 2016 жылдан бастап Қазақстан территориясында шығарыла бастады. Бұл басылым АҚШ-тың Ұлттық географиялық қоғамында 1888 жылы National Geographic Magazine болып құрылған. Бастапқыда журналда ғылыми басылым өте аз қолданылған. Бірте-бірте материалдар көбейіп, түрлі түсті фотолармен жоғары сапалы журнал шығарылып, оның танымалдығы күшейе түсті.

**Түйін сөздер:** журнал, Ұлттық географиялық қоғам, National Geographic Magazine, иллюстрациялар, сурет.

---

Kurmanbaeva A., Balabekuli D.  
**«National Geographic»  
magazine: The specifics  
of the brand**

Kazakh language version of magazine of National Geographic, natch published in territories Kazakhstan from 2016. Edition of National geographical society the USA of National Geographic Magazine was founded in 1888. Initially a magazine was scientific edition with a minimum of illustrations, however gradually materials began to be accompanied by plenty of photos, edition purchased popularity.

**Key words:** magazine, National geographical society, National Geographic Magazine, illustrations, photo.

---

Құрманбаева А., Балабекұлы Д.  
**Журнал «National Geographic»:  
специфика бренда**

Издание Национального географического общества США National Geographic Magazine было основано в 1888 году. Казахоязычная версия журнала National Geographic издается в Казахстане с 2016 года. Изначально журнал представлял собой научное издание с минимумом иллюстраций, однако постепенно материалы стали сопровождаться большим количеством фотографий, что повлияло на популярность издания.

**Ключевые слова:** журнал, Национальное географическое общество, National Geographic Magazine, иллюстрации, фотография.

**«NATIONAL  
GEOGRAPHIC»  
ЖУРНАЛЫ: БРЕНД  
СПЕЦИФИКАСЫ**

100 жылдық тарихы бар «National Geographic» журналы жағында брендтің өзі сөйледі. Себебі «National Geographic» журналы – АҚШ-тың Ұлттық географиялық қоғамының үздік жобасы болып табылады. Қазіргі таңда әлемдегі саяхатшы-журналдардың көшін бастап тұр десек те болады.

Он мыңдаған жылдар бұрын адамзат баласы Африка құрлығын тастап кеткеннен бері мәдениетімізді қалыптастырудың негізі – жаңа мүмкіндіктер мен жаңа жерлерді ашуға деген құштарлық болды. Журналдың пайда болу тарихы тікелей АҚШ-тың Ұлттық географиялық қоғамымен байланысты. Ұлттық Географиялық қоғам – білім беруші және ғылыми ұйымдардың ішіндегі ең үлкені және танымалы. Вашингтонда 1888 жылы 27 қаңтарда құрылған. Қоғамдағы білім беру мәселесін талқылау 1888 жылдың 13 қаңтарынан бастап Ақ үй жанындағы Лафайетт алаңында орналасқан «Космос-клуб»-та қолға алынған.

1888 жылдың 13 қаңтарында АҚШ астанасында АҚШ-тың Ұлттық географиялық қоғамы ұйымдастырылған болатын. Американдық 33 азамат географиялық білімді тарату мен қалыптастыруға негіз болатын қоғамдық ұйым туралы талқылау жүргізеді. Ал оның құрамына дүние жүзіне ынтызарлықпен қарайтын және саяхаттауды жақсы көретін географтар, картографтар, натуралистер, метеорологтардан бастап зерттеушілер мен өнертапқыштар, ұстаздар мен адвокаттар, офицерлер мен қаржыгерлер кірген болатын.

Олардың бәрін бір нәрсе біріктірді: патриотизм мен ғылыми білімге деген ұмтылыс және соны адамдарға сіңіру. Олардың кездесуінің басты мақсаты географиялық білімінің таралуы және адамдардың білімінің артуын талқылады. Осылардың арасында атақты географтар, зерттеушілер, әскери адамдар, адвокаттар, метеорологтар, картографтар, натуралистер, банкирлер, педогогтар, биологтар, инженерлер мен ойлап тапқыштар болды. Басқарған әрі шабыт берген Гординнер Грон Хоббард, адвокат және филантроп. Нәтижесінде ол жаңа қоғамның президенті болды. Г.Г. Хоббардтың негізгі ойы географиялық білімнің жалпы мағынада таралуы мен көбеюі, сондай-ақ азаматтарға оқуға ыңғайлы және қол жетімді болуды ұсынды. Мұндай қадам басты принциптің негізін қалады, Ұлттық

қоғамдық қауымдастыққа 100 көлемінде белгілі бір саясат жүргізді.

География деген сөздің астарында әр түрлі ғылымдардың жіктемесі барын атап өткен жөн. Қоғамның құрылуы барысында: Адольф Вашингтон Грили, Гардинер Грин Хаббард, Джордж Кеннан, тұңғыш Аляска зерттеушісі американдық Уильям Долл және т.б.

Важным фактором регулирования отношений в сфере социальной защиты своих граждан является участие государства. Несмотря на многочисленность субъектов социальной защиты, государственные органы власти в зарубежных странах играют заметную роль в регулировании социально-экономических процессов, принятии мер по социальной защите населения и его социальному обеспечению. Все большее значение на современном этапе в регулировании социальной дифференциации приобретают региональные и местные уровни государственной власти, которые больше приближены к потребностям и запросам граждан. Но при этом также ставится задача формирования экономически активного типа гражданина, рассчитывающего на собственные силы, для которого государство становится защитником экономических и социальных прав.

**Ключевые слова:** социальная защита, благотворительные фонды, социально уязвимое население, прожиточный минимум, среднедушевой доход.

**MEDIA COVERAGE OF  
KAZAKHSTAN AND  
FOREIGN PROBLEMS  
SOCIALY VULNERABLE  
POPULATION**

An important factor in regulating relations in the sphere of social protection of its citizens is a part of the state. Despite the large number of subjects of social protection, public authorities in foreign countries play an important role in the regulation of social and economic processes, decision-making on social protection measures and social security. All the more important at the present stage in the regulation of social differentiation become regional and local levels of government that are approximations to the needs and demands of citizens. But it is also the task of forming the type of economically active citizens, rely on their own strength, for which the state becomes the protector of economic and social rights.

Early detection of changes in the needs and interests of the population, determining the effectiveness of social events promotes expansion of the boundaries of social assistance, making the system more flexible social protection. At the same time, this approach identifies specific requirements needed, and therefore, less likely to “charity” in which considerable funds are spent for other purposes [1].

It should be noted that in Kazakhstan, the number of charities is growing every year. In today’s time, you can find more than 52 charities, including “Tvoru Dobro” (“Do Good”), “Kus Zholy” (“Milky Way”), “Bauyrzhan”, public fund to help the elderly “Peace of Kazakhstan”, “The Gift”, “Daraboz”, “Shugyla” voluntary relief society “Home”, “Ymit Syyla» (“Give hope”), «Sabi» (“Baby”) and others. The main objective of these funds is to help socially vulnerable population that children grow up in a family; the elderly remain in the family, and to see sick children healthy and happy future.

The social structure of local residents is changing from year to year due to government reforms. Society is always divided into rich and poor in each country. To vulnerable populations include orphans, children whose parents are deprived of parental rights, and that the decision of the court identified in children’s homes. In addition, mothers with many children, persons with disabilities (first and second group), the poor, which under the law includes those who have a per capita income below the poverty line.

According to political analyst Nurtai Mustafayev: “The criteria for inclusion of citizens into the category of socially vulnerable define the government in the face of three departments - the Ministry of Labor and Social Protection, Ministry of Health of the Republic

of Kazakhstan Agency for Statistics. According to the data of the Statistics Agency, the share of the population with incomes below the subsistence minimum in the second quarter of 2013 was 3.2%. If the per capita income below the subsistence level, the person recognize the poor, and he is entitled to a social aid. A living wage - a necessary minimum monetary income per person equal to the cost of the minimum consumer basket. And it is calculated on a quarterly basis by the country and by region. From the value of the minimum subsistence level depends all social payments - the amount of basic pension benefits, MCI (monthly calculation index), the minimum wage.

In 2013, the amount of the minimum subsistence level in the country was 18,660 tenge. Assets ratio amounted to 5.8 in 2012. That is the level of income of 10% richest people exceed the income of the poorest 10% of 5.6 times. Index of polarization of the population by income level from 4 to 5 times be considered non-critical. And despite the fact, that Russia, of course is a social state than Kazakhstan". Of the above you can see that from the amount of the minimum subsistence level in the country depend on social welfare payments to vulnerable populations. Since statistics show the minimum payments, these payments do not cover the monthly consumption of 18 thousand tenge per person.

Another situation with orphans, of which there are 14 thousand in Kazakhstan. According to the law, orphans state provides housing for women over 18. Children without parental care, children's homes are vulnerable social group. This group has a special place in the structure of socially vulnerable categories of the population, and, above all, because the status of the socially disadvantaged provided them temporarily, until reaching the age of majority [2].

Currently, social guarantees and benefits in Kazakhstan amount to more than a thousand, which provides about 200 categories of recipients and the number of persons applying for various social guarantees, benefits and payments is almost 100 ppm people (veterans, the disabled, children, students, the unemployed, displaced persons and other categories of citizens) [3].

The category of socially vulnerable people, you can add the elderly living in nursing homes. Today in Kazakhstan the number of nursing homes 67, 12 thousand elderly people live there. The greatest number of nursing homes are located in East Kazakhstan (11 nursing homes, 2380 seats), followed by Akmola region, there are 10 nursing homes, 1103 seats. After going Kostanay (9 nursing homes, 1129 seats). This statistic was made in 2014.

But the Ministry of Labor and Social Protection of Population of Kazakhstan denied these statistics, noting that the study of the number of nursing homes Office today reached 87, while the number of elderly people of 35 thousand [4].

In Almaty 320 elderly people living in the House of veterans. Here lived Zhusupbek Aimaulytov's son and a nephew of Turar Ruskulov. In Soviet times, there lived Auezkhan Kanafin, which is about 15 years he worked as a Deputy of Minister of Education. Also environmentalist scientist Bektur Toleuishuly, who worked as a researcher in the nature reserve Aksu-Zhabagaly. The house is inhabited by 11 Veterans World War II and 144 veterans of labor. According to "The Human Rights Commissioner of Kazakhstan" in Europe are living in nursing homes elderly people who have no children or those who are not married. In Spain and Greece have boarding facilities for 15-20 people, opened at the initiative of charitable funds and common people. In Denmark boarding are not built for the elderly since 2002. Instead, they are built specially adapted homes for the elderly.

In the history of the Kazakh people have never had any police or children's homes or nursing homes. All the functions of these "authorities" performed their families and relatives. [5] Today, our society cannot be compared with the time when our ancestors roamed. To this day, we honor all those traditions and customs. After all, it's a reflection of our nation. Children never gave parents in nursing homes. Older people have always been considered the nation's treasury, great minds and cozy fireplace. Children from birth imbibed all the wisdom and interpretation; listen to the advice of elders. Children are not left orphans, wives were not widows, and the poor are not left without help. Single people are not left alone; the head of villages took them in their custody, and thus did not have the vulnerable people in society.

Twenty-first century - a century of global action, technology, international agreements, exchange of cultures and traditions, the beginning of new friendships agreements. But at the same time as that of the coin, everything has reversed the country. Our society is modernized now, he knows and accepts the influence of the west. Their demeanor, lifestyle, on the one hand is fascinating, and on the other scares. If the countries of the former Soviet Union lived in the "collective" system, the current rules say that everyone should live only for themselves. Everyone should put itself long-term goals and achieve them. After age chicks fly away to other regions, in order to learn more and gain experience.

Of course, we cannot say that it is bad. The bad news is that the children cool down to the parents, relatives. Over time, this leads to the homes of the elderly. Nowadays the rights of women and men are on the same level. Women can work to build a career and raise a family. But we are now faced with the fact that parents do not have time to raise their children. Children who grow without affection and warmth from parents lose their spiritual connection with each other, which leads again to the homes of the elderly and orphanages. In the west, a nursing home, called "nursing home - a place where old people live to receive medical care" [6]. As we can see, in the west "nursing home" has a different concept. There are older people to get medical help as the house they are unable to get professional help. Clearly, some citizens are "throwing" absolutely healthy parents do not understand that the service of this institution - to help, not to shelter the elderly.

Currently, care for the elderly people who are not able to lead an independent lifestyle, home, carried out in homes for the elderly. Older people elect social assistance and social services as a new way of life. Social norm of caring for the elderly has been known since ancient times. Community-generic forms of assistance and support associated with paganism and it is inseparable from the generic space, which was primarily an expression of mutual responsibility. In particular, he formed and developed institution of the elders. One of the frail elderly forms of support was communal, secular help when old men went from house to house to feed. Elder could appoint "public" guardians, who took him to their sustenance. Community-generic forms of assistance and protection of the poorly protected categories gradually changed and laid the foundation for the state approach in solving social problems of the elderly.

In Poland, the almshouse for a long time there were mostly called "parish hospitals", and only in 1843, when on the basis of the decree of February 18, 1842 was a systematic separation of charitable institutions, they have been renamed to "shelter homes for the elderly and infirm" [7].

In US nursing homes have become part of the daily lives of citizens and become an integral part of social welfare. Many older and not very people during his lifetime not only save money for old age, but advance planning, in which the nursing home they will live after retirement. Numerous boarding houses and homes for the elderly here have become not just social institutions, but a very special business sector.

Frequently, the competition between the different nursing homes are not worse than in the

hospitality industry, as recorded in the best pensions should be a few years before retirement. Due to this pension for the elderly in the United States are so popular, and why the elderly often choose to live in a nursing home living in their own home with their children and grandchildren? To figure it out, it is necessary to consider more closely the activities of the geriatric institutions in the United States.

The first nursing homes in America have started to appear in the 30s of the last century, but at that time their work is not regulated by the state and the institutions themselves (by the way, all nursing homes in those years belonged to individuals) resembled the usual social houses where old people turned out the bare minimum of services. However, since 1935, the state still has funded nursing home and assisted the poor elderly to settle in one of these institutions. Many of the programs operated under the care for people who have lost their life savings during the Great Depression.

The revolution in the field of social security in old age occurred in 1965, when the country's Federal Government has set up a new program of social Medicare insurance, guarantee the right to social security for all citizens over 65 years. The activities of this program relied heavily on the creation of a more extensive network of nursing homes, whose activities are regulated by the public authorities. It was with the advent of Medicare in the United States begun the era of the construction of various facilities for the elderly.

However, despite the efforts of the state, and private individuals, the US nursing homes were still far from ideal and had numerous problems. According to research, in the second half of the XX century in nursing homes about 5% of the elderly had abnormalities in the development of an even greater number of elderly people were seriously ill and needed constant medical accompaniment. Nursing homes were not ready to provide adequate health services, which created serious problems. Another sticking point was the rent (price), the payment of which cannot all guests. To solve all these problems, another reform was undertaken, which introduced specific rules for owners of homes for the elderly, as well as the procedure for assistance to needy elderly people in need of care within these institutions.

In 1998, the government once again turned its attention to the nursing home, this time - on the quality of their work. For the activities of nursing homes was carried out strict supervision; Inspectors saw to it that all the elderly receive quality safe food, highly qualified medical services, adequate care. At the beginning of 2000 for nursing homes

a minimum of care factors were introduced. Since pensions market for the elderly in the United States is actively developing and the quality of services is getting better.

Living in a nursing home elderly person pays out of its own funds, in rare cases; it can count on state aid, subsidies, etc. The average size of the rent from \$ 100 to \$ 160 per day, but this number may be considerably higher, depending on the class and the presence of the establishment of additional services. There are also a few free homes for low-income pensioners, which does not pay for the accommodation he retired, and the state.

To get to the nursing home in the United States may be on their own or as decided by doctors. In order to send an old man in a nursing home is going to a council of doctors, social workers and lawyers who decide and capacity of an old man. Often in such cases, the State has sold all available assets to pay for life-long stay in a nursing home.

Social security of residence in the United States is not limited to the elderly nursing homes standard. In America are several basic types of geriatric institutions:

- Homes for seniors. Normal apartment house, where every pensioner living in his small apartment, which pays the state.
- Pension. Older people are living here on a permanent basis, not only receive care services but also medical care. The average number of about 100-150 people.

- Pension. It differs from the boarding of the hotel only because of its strength, is designed for 10-15 people tend to stay here more comfortable.

- Nursing home. The establishment where the primary focus is on health care. As a rule, seriously ill pensioners live here.

- A nursing home with day stay. Being here is possible only in the daytime, at night; all the old men go home.

In general, in nursing homes in the US elderly people can rely on a set of services: accommodation, care, health services, and leisure activities. The number and quality of services is determined by the cost of living, the higher it is, and the greater the nursing home resembles a country club or elite hotel. The state regulates the activities of private nursing homes and ensures that even the most inexpensive to comply with certain rules of operation.

The main difference between the scopes of geriatric software in the US is that the desire to send a family member in a nursing home is not condemned by society; on the other hand, the opportunity to live in old age in a good nursing home is a sign of success. Such an attitude to the homes of the elderly and affects the quality of their work, as the high level of competition and government regulation forced the owners year after year to improve the quality of their services. Hopefully, in the near future in our country, the nursing home will no longer be something intimidating, and will be a great opportunity to spend their old age in comfort and coziness [8].

## References

- 1 Petrova L. R. Socialnaya zashita naseleniya kak factor regulirovaniya differenciacii obshestva: Regionalnyi aspect: Aftoref. dis. ... kand. soc. nauk. – Ufa., 2008. – 1 str.
- 2 <http://www.zakon.kz/4598331-komu-i-kak-gosudarstvo-dolzno-okazyvat.html>
- 3 <http://articlekz.com/article/4576>
- 4 <https://www.nur.kz/222635-vse-bolshe-starikov-v-kazahstane-popadaet-v-doma-prestarelyh.html>
- 5 Statya v Vestnike KazNU. Seriya psihologii i sociologii A. A. Liyassova, F. S. Oskembay, R. N. Alibaeva, T. A. Zhakanova <http://bulletin-psysoc.kaznu.kz/index.php/1-psy/article/view/440> (In Russian)
- 6 <http://dictionary.cambridge.org/ru/nursing-home>
- 7 Chernova O.A., C. Kononov Y.N., H. Ilnickiy A.N., Lebedev I.V. -Historical and medico-social aspects of elderly people residing in retirement homes. -2011
- 8 <http://vrgroup.spb.ru/content/stati/doma-prestarelykh-v-ssha>

Ұлттың тілі — сол ұлттың жаны, жан-дүниесі. Ол жүректі соқтыртып тұрған қан тамыры сияқты. Егерде қан тамыры жабылып қалса, жүрек те соғуын тоқтатпай ма?

*Мұхтар Әуезов*

Байгожина Д.Ө.,  
Мақұлбекова С.Б.

**Мемлекеттік газеттегі  
ақпараттың  
трансформациялануы:  
әлеуметтік жауапкершілік  
және ұлттық идеология**

Baigozhina D.O.,  
Makulbekova S.B.

**The transformation of  
information in the state  
newspaper: Social responsibility  
and national ideology**

Байгожина Д.О.,  
Мақұлбекова С.Б.

**Трансформация информации  
в государственной газете:  
социальная ответственность  
и национальная идеология**

Мақалада «Егемен Қазақстан» газетінің рөлі, идеологиялық мақсаты, басылымдағы ақпараттық саясат және халықаралық жаңалықтардың берілу қисынына жазылған.

**Түйін сөздер:** «Егемен Қазақстан» газеті, идеология, ақпараттық саясат, халықаралық жаңалықтар.

---

The feature of newspaper Egemen Kazakhstan are examined in the article. Role of newspaper or Kazakhstan, ideological iam. And also informative politics, development of international news in a newspaper.

**Key words:** role of newspaper, informative politics, international news.

---

В статье рассматриваются особенности газеты «Егемен Қазақстан», идеологическая цель издания. Также авторы исследуют информационную политику, концепцию и специфику подачи международных новостей в данном издании.

**Ключевые слова:** газета «Егемен Қазақстан», идеология, информационная политика, международная новость.



**МЕМЛЕКЕТТІК  
ГАЗЕТТЕГІ  
АҚПАРАТТЫҢ  
ТРАНСФОРМАЦИЯЛА-  
НУЫ: ӘЛЕУМЕТТІК  
ЖАУАПКЕРШІЛІК  
ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ  
ИДЕОЛОГИЯ**

Демократия жер жүзіндегі барша жұрттың прогресшіл арман-тілегі ғана емес, бірден-бір таңдауы да болып отыр. Тек бұған кейбір кертартпа қоғам болмаса ғана, жалпы алғанда ұлттар мен халықтар оң ниет танытып келеді. Қазіргі заманда журналистиканы демократиядан бөліп қарау мүмкін емес. Себебі, журналистиканың көтерер жүгі аз емес. Қоғамды да, билікті де журналистика үнемі замана ауқымында айнадағыдай көрсетіп отырады. Мұның өзі бұқаралық ақпарат құралдарының күнделікті жұмысы, іс-әрекеті.

Сондықтан да соғыс пен бейбітшілік тақырыбы күні бүгінге дейін адамзат өміріндегі басты мәселе ретінде сақталып отыр. Баспасөз, радио, теледидар сияқты күнделікті ақпарат тарату көздері пайда болған кезеңнен бастап алдымен түрлі қоғамдардың бір-бірімен ақпараттың байланыс жасауда, хабар-ошар алысады. Бірте-бірте ақпараттық ықпал етуге ауыса бастады. Ғылым мен техниканың бл жаңа мүмкіндіктері түрлі саяси идеялармен мақсаттардың жүзеге асуын қамтамасыз ету құралдарына айналды. Саяси лексикада «идеологиялық экспанция», «ақпараттық соғыс» сияқты жаңа терминдер қосылып жатыр. Қайсыбір қоғамда саяси ықпал ету ақпарат құралдарына өз мемлекеттерінің қарапайым артықшылықтарын насихаттаудан бастап, көрші мемлекеттің қалыптасқан өмір салты мен ішкі даму заңдылықтарын бұзуға қабілетті идеологиялық, ақпараттық араласушылыққа дейін барады. Ақпарат өнімін өндірушілер қоғамдық пікірді өздерінің идеологиясына сай өзгертуге тырысады. Дамыған елдердің экономикалық, мәдени ықпалы тәуелсіздік жолына түскен мемлекеттерге арта түседі. Бүгінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қоғамдық пікірге елеулі әсер етіп отыр.

XXI ғасырдың адамзат баласы ұрпағының өміріндегі орны тым қомақты. Жаңалыққа жаны құмар пенделер адам жанына керекті дүниелерді күнделікті өмірдің бір бөлшегіне айналдыруда. Солардың бәрінен де дерлік шоқтығы биік, «ғасыр жаңалығы» болған, кезінде аталған – мерзімді баспасөз. Баспасөзде бәсекелестік ұшқындап болса да белгі беріп қалады. Бірақ біз оны әлі шын мәніндегі «бәсеке» деп айта алмаймыз. Содан кейін экономикалық реформа төңірегінде өрбіп жатқан оқиғаларға көзқарас білдіргеннен гөрі, әдеби, мәдени мәселелердің шең-

берінде қалып отырған сияқтымыз. Бұл – қазақ журналистикасының өзіндік ерекшелігі. Сондықтан қол үзуге болмайды. Қазақ баспасөзі өмірдің нақты, шынайы бетімен үйлеспей келеді дейтін сын-пікірлер бар. Бұқаралық ақпараттың дәл осы қос саласына пәлендей жаңалық, өзгеріс ене бастады деп айта қою қиын. Бәлкім, баяғыдан қалыптасқан ахуалдың оң бағытқа икемделе алмай жатқанына қаржы тапшылығы, техникалық құрал-жабдықтардың ескіріп, тозуы қолбайлау болып тұр деуге де болмайды. Теледидар да, радио да мүлдем жаңа сипаттағы көзқарас, пікір, іс-қимыл жағы жетіспейді. Білім-парасат жағынан деңгейіміз биік болса да, істі ұйымдастыра алмайтындығымыз шындық. Ең соңғы техникалық жарақпен «қаруланған» дамыған елдердің баспасөзі бізден ілгерілеп кеткен. Оның үстіне қазақ тіліндегі бұқаралық ақпарат құралдары әлі күнге жарнаманы игере алмай келеді.

Егемендік туы желбіреген күннен бастап, Президентіміз бен Үкімет басшылары «төртінші билік» өкілдерімен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істей бастады. Өйткені баспасөз өкілдерінің қоғамдағы өзгерістерге тигізер әсері орасан зор. Журналист баспасөз бетіндегі мақалалары арқылы қоғамдық сананың қалыптасуына өзіндік үлес қосады, белгілі бір мәселеге бұқара назарын аударып, сол мәселенің төңірегінде пікір туғызады, ұсыныс айтады. Еңбекте егемен ел баспасөзінің қалыптасуындағы алғашқы қадамдар мен демократиялық қоғам әкелген түрлі өзгерістердің баспасөзге әсері, жаңа нышандар мен соңғы көріністері көрсетіледі. Қазіргі баспасөзіміздегі салалық өзгерістер ұлттық мүдде мен ел болашағына сәйкес жасалып жатқандығына назар аударылады. Ол өзгерістердің негізінен нарықтық экономика заңдылықтары мен кезеңдеріне негізделе өрбитіндігі айқындалады. Бүгінде даму жолын айқындаған егеменді мемлекет – Қазақстан Республикасының бүкіл халқы мен экономикасы реформаларды ойдағыдай жүзеге асырудың қажетті шарттары тұрақтандырылуда. Осы өтпелі кезеңде бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі зор. БАҚ – қоғамдық санаға әсер ететін қуатты серпін. Егемен елде болып жатқан өзгерістерге бұқаралық ақпарат құралдары тікелей араласады.

«Егемен Қазақстан» – Қазақстан Республикасында жарыққа шығатын мемлекеттік ресми баспасөз құралы. Басылым негізінен ресми ақпаратты, жаңадан қабылданған құқықтық актілерді және басқа да ресми ақпаратты жариялайды. Газет 1919 жылдың 17 желтоқсанынан

бастап аптасына 5 рет шығарылады. «Егемен Қазақстанның» алғашқы саны 1919 жылдың аяғында Орынборда жарыққа шықты. Газет басына: «Қазақ жұртын билейтін өзгеріс хәм соғыс комитетінің атынан жетісіне екі рет шығатын саяси, әдеби хәм шаруашылық газет», – деп жазылған. Бұл газетте қазақ зиялы қауымының негізгі шығармашылығы жинақталған. Олар газетте алғашқы күндерден бастап-ақ жұмыс істеді: алғашқы кезде газетте қазақ зиялыларының күшті шығармашылық тобы жинақталды. Газеттің алғашқы редакторларының бірі – Сәкен Сейфуллин болды. Мұнда Мұхтар Әуезов, Бейімбет Майлин, Ғабит Мүсірепов, Ілияс Жансүгіров сияқты біртуарлар жұмыс істеді және шығармаларын жариялады.

Басылым – қазақ қоғамының шынайы шежіресі, дәлірек айтсақ, халқымыз бастан кешкен күрделі кезеңнің айнасы. Ендеше оған тыңғылықты зерттеу жүргізуге мүмкіншілік туады деген сөз. Сондай-ақ, ол арқылы сол кездегі ұлттық сананың ұйытқысы бола білген басылымның «пікір тайқазанына» әбден пісілген халқымыздың өсіп-өркендеуіне қатысты негізгі идеялар егемен еліміздің іргетасы қаланып жатқан бүгінгі күні де қоғамдық мән-маңызын жоғалта қойған жоқ. Оны зердемізге тоқып, игілігімізге жарату да – уақыт талабы. «Егемен Қазақстан» газеті халықтың түсінігінде екі түрлі ой қалыптастырады: бірі – мемлекеттің, мемлекет басшысының, мемлекеттік қызметтегі лауазымды тұлғалардың пікірі мен олардың жүріс-тұрысын баяндайын десе, екінші дегенмен қазақ халқының ұлттық мүддесі, ана тілі, ұлттық салт-дәстүрі де тақырып ретінде көтеріледі. Әрине, алғашқы күннен бастап-ақ бұл басылым мемлекет құзырында болып келеді. Дегенмен, ол уақыт өте келе «жалпақ шешейліктен» бас тарту жөнінде қорытындыға келді.

«Егемен Қазақстан» газетінің 1995 жылғы 7 қаңтар күнгі санында белгілі қоғам қайраткері М. Есенәлиевтің Қазақстандағы саяси ахуалға арналған сараптамалық мақаласы жарияланды. Тәжірибелі саясаткер М. Есенәлиевтің салиқалы тұжырымдары нақты жағдайды толық ашып көрсете алды. Оның жазуынша: Қазақстандағы орыс бауырларымыздың іс жүзіне Ресей саясатшылардың «Қазақстандағы орыстардың мүддесін қорғау туралы» жекеленген мәлімдемелеріне сыни тұрғыдан қарағаны дұрыс болар еді. Біріншіден, бұл бір саяси топтың екінші топтан өз мақсаты үшін тартып алғысы келетін көзірлік карта ретінде пайдаланылады. Екіншіден, оларға Қазақстандағы орыстар соларға деген

қамқорлықтан ғана емес, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның өз бетінше даму бағытына қысым көрсететін саяси-демографиялық күш ретінде де қажет болған.

Басылымды парақтап отырсаңыз, ел қорғаны, әскер жайында жазылған, көбі проблемалық сарынды аңғартатын мақалалар көптеп басылған. Мәселен, Қалмұқан Исабаев «Тәуелсіздік талаптары» айдарымен «Әскер – әліміз, армия – айбарымыз» [1] атты материал бастырған екен. Автор Қазақстанның әскері қандай болуы керек, алдымен әскер сол мемлекетті жасайтын халық тілінде сөйлеу керек», – дейді. Тарихи шегініс жасай отырып, қазақ даласын қорғап, сақтап қалғанда оның әскері болмады дегенді ешкім айта алмас. Өзі айбынды болмаса, оны айып демеген. Қазақ тілінде дамыған әскери ғылым жоқ. Әскери өмірдің қазақша терминдері жасалуы тиіс деуі өте орынды, көпшіліктің көкейінде жүрген тілек екенін аңғару қиын емес-ақ. «Егемен Қазақстан» газеті тәртіп пен заңдылық мәселелеріне үлкен мән беріп, қоғамды толғандыратын материалды үзбей жариялап келеді. «Өзек жарды өткір сын», «Ада және заң», «Тіршілік түйткілдері», «Заман мен иман», «Табыс көзі – тәртіпте» т.б. айдарлармен елімізде болып жатқан түрлі келеңсіз оқиғалар туралы журналистер мен оқырмандардың жан айкайы, күйзелістері мен өзек жарды сырлары жариялануда.

Қазір журналистер біршама жалтақтамайтын, танымын тура айта алатын мінез тапты. Қуанарлығы – газеттер бірінің жасқаншақтап, не өрісі сылдыр сөздің уақыты озғанын ұқтық. Оқырман да зәрулік пен нақтылыққа ғана тоқтайды. Ескі қырсық, тым идеологияшылдық, партияшылдық, тақырыптың тарлығы, жазар объектінің аздығында еді. Қазіргі кемшілік – журналистер қауымының мамандық мүмкіншілігін толық пайдалана алмай жатуында. Болмаса, қазір журналиспен санаспайын шенеунік сирек.

XX ғасырдың басынан бері қазақ өмірінің айнасына айналған «Егемен Қазақстан» газеті тәуелсіздік алған жылдары қайта түлеп, жас мемлекетіміздің іргесінің берік қалануына өз үлесін қоса бастады. Жетпіс жыл бойы іште бұғып жатқан халықтың арман-аңсары, қазақ халқын талай қырғынға ұшыратқан тарихи әділетсіздіктер, жазықсыздан-жазықсыз жапа шегіп, атылған жастарымыз, осы уақыт аралығында жоғалтып алған ұлттық тарихымызды жаңа көзқарастар тұрғысынан қарастыру, тәуелсіздігімізді баянды ету жолында ұлт болып ұйысуымыз, сыртқы күштердің қауіпті әсерлеріне төтеп беру сияқты қат-қабат өзекті мәселелер күн тәртібіне

қойылды. Ең бастысы – отаршылдық құрсауда жоғалуға айналған ұлттық санамызды оятып, елдік іргемізді тіктеу керек болатын. Белгілі публицист, қоғам қайраткері Шерхан Мұртазаның бастауымен «Социалистік Қазақстан» газетінің бұрынғы аты өзгеріп, тәуелсіздігіміздің жаршысындай «Егеменді Қазақстан», кейіннен «Егемен Қазақстан» атауына ие болды. Бұрыннан-ақ еліміздің аға газетіне айналған «Егемен Қазақстанға» осы тұстар зор жауапкершіліктер жүктелді. Халықтың ұлттық санасын оятумен қатар, елдің ертеңгі күнге деген сенімін нығайту қажет болды. Тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың бастауымен Қазақстан халқын санасына орнықтыру, жаңа реформаларға жұмылдыру мәселесі алдыңғы қатарға шықты. Бұл жылдары «Егемен Қазақстан» газеті бұрыннан қатып қалған қасаң тақырыптардан, бір-бірінен аумайтын кескін-келбеттен арылып, тәуелсіз елдің жаңа мазмұндағы, жаңа сипаттағы газеті ретінде жарық көре бастады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары жазылған мақалаларға батылдық, өткірлік, өзектілік тән еді. Халықтың жоғын жоқтаған қаламгеріміз – Әбіш Кекілбаев, Шерхан Мұртазаның екеуара жазысқан хаттары да елдің ертеңіне алаңдаушылықтан туған еді.

Заман талабына сай газеттің бірінші бетінде «Бір ауыз сөз» атты қоғамдағы көкейкесті мәселелерге арналған айдар ашылды. «Бір ауыз сөз» бүгінгі күннің өзекті мәселелерін көтеруімен, сонылығымен ерекшеленеді. Онда басқа елдің тарихи тұлғалармен байланысты аталған немесе ешқандай мән-мағынасы жоқ елді мекен, көше аттарын өзгерту, озық елдермен тереземіз теңесу үшін жастардың әлем тілдерін жетік меңгеруіне жол ашу, төлқұжат ауыстырудағы, қазақтың ата-тегін жазудағы бірізділік, іс тұтқасын ұстаған азаматтардың мемлекеттік тілге немісқұрайлығы, Отансүйгіштік қасиетті таңдаудағы кемшіліктер, ел байлығын шетелдіктердің талан-таражға салуынан сақтау т.б. мәселелер күн тәртібіне өткір қойылып отырды. Басылымда бұдан басқа да «Тәуелсіздік талаптары», «Ойтүрткі», «Талбесік», «Нарық және халық», «Ұлт ызбасын, ұрпақ тозбасын», «Дидарғайып», «Адам және заң», «Көкейкесті», «Өндіріссіз өмір жоқ» сынды айдарлармен бірге, «Ел» және «Сырғалым» атты газет қосымшалары жарық көріп тұрды. Газет редакциясын тың ізденістерге бастаған мұндай шығармашылық жаңалықтар газетті ерекше оқылымды етті.

Газет бетіндегі белгілі қаламгерлер мен публицистер тәуелсіз мемлекет ретіндегі ұлттық идеологиямыз, ұстанған бағыт-бағдарымыз қандай болу керек деген мәселе төңірегінде ой бөлісті.

Мұндай соқталы, ірі ой-тұжырымдар «Тәуелсіздік талаптары» айдары аясында жарияланып тұрды. «Меніңше, қазақстандық елдігін сақтап келе жатқан қайнарлар – ұлт-иман, обал-сауап, адаларамның парқын білу». Ислам дінінің жоғарыда біз түгендеп өткен бес ұстыны әрбір мұсылманға қаншалықты қасиетті болса, бұл ұғымдар әрбір қазақ баласына соншалықты киелі. Сіз бен біз мақсат тұтып алға тарта беретін «Атыраудан Алтайға дейінгі кең даланы сақтап қалған білектің күші, найзаның ұшы» айналып келіп осы ұғымдарға қызмет еткен. Қазаққа жаңа ұлттық рухани даму бағдарламаларын жасаймын деп жат-жақынға алма-кезек жауаңдатып, арбалған торғайдай шарқ ұрудың керегі жоқ. Біздің өз бағдарламамыз бар. Ғасырлар сынынан өткен сындарлы бағдарлама», – деп жазды Есенғали Раушанов «Аспанға жазам сенің есіміңді» атты мақаласында [2].

Осы айдар аясында жарияланған белгілі публицист Ержұман Смайылдың «Қазақ еліне адалдық анты қажет» деген мақаласында: «Тәуелсіздік алдық деп айдай әлемге жария етіп алып, енді біреудің әскери шылауына айналуымыз жарамас», – деп дербес өз әскерімізді құру мәселесін қозғайды. Жалпы тәуелсіздік алған жылдарда жазылған мақалалар бұрын айтуға болмайтын мәселелерге еркін қалам тербеуімен ерекшеленеді. Шын мәніндегі еркін, азат публицистика қалыптасты. «Егемен Қазақстан» газетіндегі мақалалар тақырыптық және проблемалық тұрғыдан байыды. Соған сай мазмұндық жағынан да публицистиканың өмірді шынайы қамту аясы кеңейді. Ақын-жазушылар, ғылыми, мәдени зиялылардың қалам тартуы бұрынғыдан да жиіледі [3].

Қорытындылай келсек, бүгінгі күні Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың сындарлы саясатының арқасында тәуелсіздіктің алғашқы жылдары әр салада басталған реформалар жемісін бере бастады. Экономикамызда даму үрдісі байқалып, халқымыздың әл-ауқаты артып келеді. Тәуелсіздік алған алғашқы күннен бастап дер-

бес мемлекет ретінде алға қарай аттаған әрбір үлкенді-кішілі қадамдарымыз, Елбасымыздың елімізді көркейту жолындағы әрбір іс-әрекетінің «Егемен Қазақстан» газетінің бетінен орын алуы заңды. Ел газеті «Егемен Қазақстан» Елбасымыздың әр елдердегі сапарының әлемдік саясаттағы мән-маңызына, халықаралық қарым-қатынастарда алар орнына, ұлы елдермен көпшіліктің жүктейтін ұлы жауапкершіліктері туралы сараптама материалдарды да ұсынып келеді. «Егемен Қазақстан» газетіндегі әрбір мақала жастарымыздың бойында Отансүйгіштік рухын қалыптастырып, адамгершілігі зор, өткенге, ұлттық тамырына зор құрметпен қарайтын азаматтар тәрбиелеудегі маңызы зор. Кейінгі жылдарда еліміздің аға газеті 1937-1938 жылдардағы қуғын-сүргін көрген, жазықсыз жапа шеккен ерлеріміз туралы, жалпы елі үшін көзсіз ерліктерге барған асыл азаматтарымыз туралы материалдарды көптеп беруде. Қоғам өміріндегі игі өзгеріс, батыл бетбұрыстарды насихаттаумен қатар, көлеңкелі тұстарды орағытып өтпей, сын терезесіне салып отыру – газет редакциясында ежелден қалыптасқан дәстүр. Осының арқасында бүгінгі күні газеттің беделі көтеріліп, шын мәніндегі жалпыұлттық газетке айналғанын көріп отырмыз. Бұл газет тізгінін ұстанған қаламы қарымды, қайраткер қаламгерлеріміз Шерхан Мұртаза, Нұрлан Оразалин, Уәлихан Қалижан, Ержұман Смайыл, Сауытбек Абдрахмановтардың шығармашылық әрі ұйымдастырушылық қарымының мықтылығымен келген бедел екендігін айтуымыз керек.

Ғасырдан ұзақ ғұмыры бар қазақ баспасөзі тарихының әлі де болса терең зерттей түсуді қажет ететін тұстары баршылық. Әсіресе, Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңін заман сұранысына сай қайта қарау – уақыт талабы. Өйткені, оның күні кешеге дейін ғылыми тұрғыдан бір жақты бағаланып, түрлі кедергілер салдарынан кемшін зерттеліп келгені бүгінде ешкімге де жасырын емес.

#### Әдебиеттер

- 1 Қожакеев Т. Жас тілшілер серігі. – Алматы: Рауан, 1991. – 224 б. – 176 б.
- 2 Раушанов Е. Аспанға жазам сенің атыңды // Егемен Қазақстан. – 1993. – 3 сәуір.
- 3 Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасу мен дамуының стратегиясы. – Алматы: Дәуір, 1992. – 345 б. – 5 б.

#### References

- 1 Kojakeev T. 'Jas tilwiler serigi'. – Almaty: Rauan, – p.224. – p.176
- 2 Rauwanov E. 'Aspanga jazam senin atindi' // Egemen Kazakhstan. – 1993. – 3 sauir
- 3 Nazarbaev N.A. 'Kazakhstanin egemendi memleket retinde kaliptasuy men damuinin strategiasy'. – Almaty: Dauir, 1992. – p. 345- p.5

3-бөлім  
**КӨСЕМСӨЗ ЖӘНЕ КӨРКЕМСӨЗ**

---

Раздел 3  
**ЛИТЕРАТУРА И ПУБЛИЦИСТИКА**

---

Section 3  
**LITERATURE AND JOURNALISM**

Медеубекұлы С.

**Көсемсөз және шешенсөз: тамырластығы мен даралықтары**

Бұл мақалада көсемсөз бен шешенсөздің атқаратын қызметтеріне орай өзектестігі мен айырмашылықтары және жанрлық жақындықтары мен алшақтықтары қарастырылады.

**Түйін сөздер:** ауызекі публицистика, шешендік өнер, бастапқы өнер.

---

Medeubekuly S.

**Oral journalism and about the meaning of the oratory word**

By comparing the differences of oral journalism with oratory and oratorical art of the word, he shares the scientific method of their identity. Defines oral journalism as the original art of a nation.

**Key words:** oral journalism, public speaking a word, original art.

---

Медеубекұлы С.

**Устная публицистика: о смысле ораторского слова**

Автор статьи, сопоставляя отличия устной публицистики от ораторского искусства и ораторского слова, определяет научным методом их своеобразие, а также трактует «шешенсөз» («устная публицистика») как самобытное искусство нации.

**Ключевые слова:** устная публицистика, ораторское искусство, самобытное искусство.

## КӨСЕМСӨЗ ЖӘНЕ ШЕШЕНСӨЗ: ТАМЫРЛАСТЫҒЫ МЕН ДАРАЛЫҚТАРЫ

Тіршілік етудің айла-тәсілдерін ойлап табу қажеттілігі ақылдың да толыса түсуіне игі ықпалын жасады. Адамдардың бір-бірімен араласуы қоғамдық қатынастарды қалыптастырды. Адам санасы қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастар мен бұқаралық қатысымдар кезінде туған кедергілерден өту жолдарын табу арқылы үнемі даму үстінде болды. Бірлесе жүріп тіршілік ету аясы кеңейді, қауымдасу, одақтасу, отырықтану, қала орнату, мемлекет құру немесе тайпалар мен одақтардың қарым-қатынас жасау үрдістері алға жылжыған сайын ақыл-ой дамуының келесі сатысы жалпыға түсінікті мағына беретін таңбалар мен сызба белгілерді және жеке дыбыстарды айқындайтын қаріптерді ойлап тапты. Мысалы, «суретті жазулар», «көне руникалық таңбалар», «иероглифтер», «сына жазуы», «араб жазуы», «санскрит» жазуы, «егей жазуы», «вавилон жазуы», «латын жазуы» деген аттармен белгілі жазулар ақпарат тарату қажеттілігінен туған. Яғни ең әуелі ақпарат айту, ақпарат тарату, ақпарат қалдыру, ақпарат сақтау қажеттіліктері жазу мәдениетін қалыптастырды. Қаріптердің, әліпбилердің қалыптасуы да осы қажеттіліктен туған мәдениеттің озық үлгісі. Яғни бұқараға ақпарат тарату, сол арқылы көптің санасына қозғау салу, іске бастау, жұмылдыру мақсатынан туған ойды жазу арқылы жеткізу өнері де талай даму сатысынан өтті. Ондай өнерді Ахмет Байтұрсынов “көсемсөз” деп атады. **Көсемсөз деп – қоғамдағы күрделі мәселелерді мемлекеттік, ұлттық, бұқаралық, мүдде тұрғысынан қозғау әрі оларды шешу жолдарын түсіндіру және сол іске жұмылдыру үшін әлеуметке баспасөз арқылы жарияланған көркем де пәрменді әрі деректі һәм дәйекті сөзді айтамыз.** Біздің ұғымымыздағы «сөз» деген категория нені білдіреді? Біріншіден, Сөз – дыбыстардың немесе таңбалардың белгілі бір мағына беретін көркем жиынтығы. Екіншіден, Сөз – адам санасында қорытылған мағынаның сыртқа шыққан дыбыстық-бейнелік нұсқасы. «Бейнелік» дегеннің астарына сызу, жазу, бояу, ою, кескіндеу, мүсіндеу, қимылдау арқылы ақпарат тарату амалдары кіреді. Рас, сөз адамның ойлау қабілетінің арқасында мида қорытылады да тіл арқылы сыртқа шығады. Бір қызығы ғалымдардың зерттеуі бойынша (Ж. Годфруа. Что такое психология. Издательство «Мир», Том 1, 1992, стр. 366) санамызда жинақталған ойларды түгел жеткізуге тіл мүмкінді-

гі тым шектеулі екен. Басқаша айтқанда, санада оянған пікірді толық жеткізуге лексикалық қорымыз жетпей жатады екен. Әйтсе де сөз арқылы мидың әлемді тануына ықпал жасайды екенбіз. Әр жаңа сөзді естігенде соның нақты мағынасын таппайынша мида тыным болмайды. Яғни, сөздің өзі мидың дамуына белгілі бір дәрежеде әсер етеді.

Сонымен, замансөз (публицистика) әдебиеттің тегінен шыққан деген пікірге біржақты қарауға болмайды. Замансөздің табиғатын айқындау үшін атқарар қызметін негізгі танымдық тұғыр етіп алсақ, онда бұл қызметтің тамыры тереңде екен. Адам Ата-Хауа Ана жаралғалы айналасына ақпарат тарату және ақпарат алмасу қажеттілігін өтеу амалдары қимыл-қозғалыспен де, дыбыс берумен де, бейне сызумен де, айтумен де, жазумен де жүзеге асқан болатын. Олай болса, ондай қызметті атқаратын өнер – замансөз (публицистика) бес салаға бөлінеді: а) қимылсөз; ә) дыбыссөз; б) бейнесөз; ә) **шешенсөз**; б) көсемсөз.

Біз осылардың ішіндегі әу баста Ахмет Байтұрсынов өз анықтамасында бағыт сілтеп кеткен көсемсөз бен шешенсөзді салыстырып көру арқылы қоғамдық санаға қозғау салу өнерінің ұлттық түрлерінің өзіндік ерекшеліктерін екшеп көруге тырысамыз.

Алдымен көсемсөздің ерекшеліктеріне назар аударалық. Бұл туралы алғашқы пікірлерін алға тартқан ғалым Ахмет Байтұрсынұлынан басталық. Ол кісі көсемсөздің мынадай ерекшеліктерін атап кетеді:

- а) «жазумен айтылады»;
- ә) «әлеумет ісіне басшылық пікір жүргізеді»;
- б) әлеуметке керек іске мұрындық болады»;
- в) «қоғам істерін түзеу, жаңалау, өзгерту керек болған кезінде халықты соған... ұйытып, көбінің миына қондырып, көңіліне сіңіреді»;
- г) «күндегі мәселе жайын сөйлейді»;
- ғ) «кезіндегі ... газет-журнал жүзінде шығады» яғни жарық көреді;
- д) «әлеуметке басшылық есебінде айтылатын сөз болғандықтан, жұрт ісіне мәні зор...»
- е) «...басшылығы дұрыс болса, әлеуметті түзейді, теріс басшылық қылса, әлеуметті адастырады». (...Ахмет Байтұрсынов. Шығармалары. Алматы: «Жазушы», 1989. 224-б.). Ғалым пікірінен теріп алынған көсемсөзге қатысты осы сегіз үзікте жазба публицистиканың басты қызметінің негізгі ерекшеліктері баса айтылған. Көсемсөз қоғамдық сананы оятып қана қоймайды екен, оған *басшылық жасайды* екен. «Публицистиканың функциясы, – дейді Тауман Амандо-

сов, – қоғамдық пікірді қалыптастыруға әсер ету арқылы қоғамдық сана мен қоғамдық практикаға ықпал жасау. Сонымен қатар, публицистика адамға тек логикалық жағынан ғана емес, сезім жағынан да ықпал жасауға тиіс». (Амандосов Т. Публицистика – дәуір үні. Алматы: «Қазақстан» 1979, 18-бет). Мұндағы ойдан публицистика: а) қоғамдық санаға; ә) *қоғамдық тәжірибеге*; б) адамның ойлау жүйесіне; в) *адамның сезіміне* ықпал жасау қызметін атқарады екен. Әдебиеттанушылар былай дейді: «Көсем сөз – әдебиет пен журналистиканың қоғамдағы көкейкесті, өткір мәселелерді қозғайтын саласы», (Әдебиеттану терминдерінің сөздігі/Құрастырушылар: З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы, Ана тілі, 1996. – 245 б.) Рас, публицистика қоғамның күн тәртібіндегі кезек күттірмейтін күрделі мәселелерді шешу жолдарын қозғайды. Бірақ, біздің ойымызша ол өмірге әдебиет пен журналистикадан бұрын келген. Өйткені, әдеби көркем шығармалар мен журналистика, яғни газет, журнал, радио, телевидение пайда болмай тұрып, қоғамдық мәселелерді сөз арқылы қозғау тәжірибесі өмірде болған. Екіншіден, замансөз, яғни публицистика – әдебиет пен журналистиканың өмірге келуіне бірден бір алғы шарт болған өнер. Мәселе өнердің қашаннан, қалай аталатынында емес, қызметінің қашан, қалай басталғанында. «Публикус» деп латындар атаған заманға дейін де адамзат бір-бірімен ақпарат алмасты, қоғамдық санаға қозғау салудың неше түрлі әдіс-тәсілдерін қолданды. Демек өнердің пайда болып, қалыптасу тарихының басын ат қойып, айдар таққан дәуірден іздеу қисынға келмес еді. Сол секілді біз де «әлеуметке дегенін істету үшін айтылатын сөз өнерінің» тарихын қазақ қоғамына «публицистика» деген сөздің енген кезінен бастасақ, ақылға қонбайды. Ұлтымыздың сөз өнерінің сан ғасырлық тарихын қолмен кесіп, келте қайырғанмен бірдей болады. Айтпағымыз, публицистика – әдебиетпен тамырлас, бірақ атқаратын қызметі мен оны жүзеге асыратын әдіс-тәсілдері де бөлек және соның қалыптасуына негіз болған сөз өнерінің бір түрі. «...публицистика баспасөз, радио, теледидар арқылы халықтың ойы мен пікірін және оның күнделікті еркін білдіреді», – дейді ғалым В. Ученова. Бұл жерде халықтың еркі мен арман тілегін, мақсат-мүддесін газет, журнал, радио болмай тұрып та білдіру жолдары болғанын, оны замансөздің, яғни публицистиканың ауызша түрі атқарғанын ғалым келесі бір сөздерінде былай білдіреді: «Устная публицистика» или, иными словами, *злободневная политическая мысль* (астын сызған – біз)



обращенная к живому, непосредственному восприятию широкой аудитории, облакалась не только мастерством тщательно продуманных речей, но и мастерством импровизации фольклорных произведений...», немесе «источки, публицистики восходят к политическим насыщенным жанрам устной речевой культуры» («Публицистиканың бастау-бұлақтары ауызша сөйлеу мәдениетінің саяси толысқан жанларынан басталады»). (Ученова В. Публицистика и политика. Изд.-во полит.-ой лит.-ы, 1979, с.38, 9,41). Бұл ойлардан байқайтынымыз – ғалым ауызша публицистиканы «дәл осы күнге қажетті саяси пікір» деп түсіндіреді және көсемсөзді ауызша сөйлеу мәдениетінің саяси жанларынан басталады дейді. Көсемсөздің бәрі бірдей саяси пікір білдіре бермейді, десек те ауызша сөйлеу мәдениетіндегі саяси жанрлар деп отырғанының жаны бар. Егер қазақ ауызша сөйлеу мәдениетін алсақ, ондай жанрларға дат, ант, ұран, аттан, толғау, шешендік тақпақтар мен толғамдар кірер еді. Ғалымның пікіріне сүйенсек көсемсөз (жазба публицистика) өз тамырын шешенсөзден (ауызша публицистикадан) алады екен. Мұндай пікірді басқа ғалымдар да айтқан: «... следует назвать еще один, немаловажный для лингвистического анализа оппозиции «устная – письменная речь», параметр: это генетическая первичность устной речи по отношению к письменной как в истории каждого языка, так и в языковом развитии каждого отдельного носителя языка» (... Бубнова Г.И., Гарбовский Н.К. Письменная и устная коммуникация. Синтаксис и просодия. – М.: Изд-во МГУ, 1991. – С. 5) Бұл екі саланың алғашқы айырмашылығы осыдан басталады. Тағы бірнеше пікірге ден қоялық. «Публицистика... өмірдің әлеуметтік, саяси-экономикалық, өндірістік, ғылыми және рухани, тағы басқа құбылыстарын, өмір фактілерін байыптап, түсіндіріп береді» (... ,128) Көсемсөз байыптап, түсіндіріп қана қоймайды, «сол туралы дұрыс ұғым қалыптастыруға ықпал жасайды» (Қожакеев Т. Жас тілшілер серігі. – Алматы: Рауан, 1961. 127 б.). Көсемсөз дұрыс ұғым қалыптастыруға ықпал жасап қана қоймайды, «жұртшылықты белгілі бір оқиғаға, құбылысқа ерте, еліктіре біледі» (... Ыдырысов Т. Шеберлік бастауы. – Рауан, 1961. – 224 б.) Көсемсөз оқиғаға, құбылысқа ертіп, еліктіріп қана қоймайды, сол құбылысқа, оқиғаға байланысты туындаған мәселелерді шешудің жолын көрсетеді. «...оқырманға, көрерменге, тыңдаушыға дұрыс бағыт сілтейді» (Жақып Б. Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары. – Алматы: «Білім», 2004, 24-б.). Мұндай қыз-

меттерді публицистиканың ауызша түрі де атқарады. Бұл жерде көсемсөз бен шешенсөз бір арнада тоғысады. Әсте шешенсөз бен көсемсөз бірі біріне қосылмайды, жеке-дара, дербес өмір сүреді деуге болмайды. Мысалы, шешенсөз айтындарын хатқа түсіріп, таспаға жазып қайта халыққа ұсынуға болады, сол секілді көсемсөз жазындарын жаттап алып, ел алдында айтуға да болады. Драматургия, киносценарий, сахнаға лайықталып жазылған шешендік толғаулар мен тақпақтар немесе өлеңдер санада жатталып қалған соң қажетті жерде ауызша айтыла береді. Әсіресе, замансөздік сарында жазылған көсемсөздік шығармалар қоғамдық санаға қозғау салу кезінде шешенсөз туындысы ретінде жиі пайдаланылады. Ал, айырылысатын жері қызметінде емес, сол қызметті атқару тетіктері мен әдіс-тәсілдерінде.

*Біріншіден*, «көсемсөз» деген ұғым енді жалпы публицистиканың баламасы емес, тек жазба публицистиканың ғана баламасы ролін атқарады. Ендеше көсемсөз өз қызметін жазбаша мәтін арқылы атқарады екен, ол тек газет, журнал көмегімен жүзеге асады. Шешенсөз газет, журнал арқылы тарамайды. Айтушылар, жаршылар, хабаршылар, жыраулар, ақындар, шешендер, телерадиожурналистикада айташылар, айтамандар, айтармандар айтуымен жұртқа жетеді.

*Екіншіден*, көсемсөз оқырман үшін жазылады, ал шешенсөз тыңдаушы және тыңдарман-көрермен үшін айтылады.

*Үшіншіден*, көсемсөз туындысының дүниеге келуіне және мекен атына (адрес атына) жетуіне біршама уақыт керек:

- Жазушы-журналистің тақырып таңдау уақыты;
- тақырыпқа қажетті деректер мен мәліметтерді іздеу уақыты;
- табылған затындарды (материалдарды) идеяға қатысты іріктеу, сұрыптау, саралау уақыты;
- жазу уақыты;
- газет, журналдарға басылу уақыты;
- оқырман қолына жету уақыты;
- оқырманның оқу уақыты;
- жазылған пікірлерге байланысты ой қорыту уақыты;
- оқырманның жауап қату уақыты.

Шешенсөз айтынына дәл осындай уақыттың керегі жоқ. Ол тыңдаушысына бетпе-бет тұрып айтады және сол сәтінде жауабын алады. *Төртіншіден*, көсемсөздің дүниеге келуіне арнаулы құралдар керек (мыс.: қалам, қағаз, компьютер). Ал шешенсөздің дүниеге келуіне ондай құрал-сайманның қажеті жоқ.

*Бесіншіден*, көсемсөз жазыны дүниеге келерде жазушының қарсы алдына қауым қажет емес. Ол өзімен өзі жеке отырып шығармашылықпен айналысады. Ал шешен сөз айтушысының алдына алқаман (аудитория) керек. Онсыз шешенсөз айтыны айтылмайды. Яғни алқаман мен айтушының арасында жансезімдік (психологиялық) байланыс қажет.

*Алтыншыдан*, шешен сөз айтымы – «атылған оқ» кері қайтпайды. Ал көсемсөз жазынын белгілі бір уақыттан соң бірнеше рет қайталап оқуға болады.

*Жетіншіден*, шешен сөзгер айту сәтінде ойды әсерлі жеткізуге қажетті ым, ишара, үнрең (тон), ұнтыным (пауза), ұнырғақ (ритм), үнекпін (интонация), ұнажар (тембр) және сол сәттегі жағдайға байланысты ілкімділік, икемделік мүмкіндіктерін пайдаланады. Ал көсемсөзгер ондай мүмкіндіктерді пайдаланбайды. Оған оңаша кеністік пен еркін уақыт керек.

*Сегізіншіден*, шешенсөздің ойды жеткізуге қажетті негізгі затыны (материалы) – дыбыс болса, көсемсөздің басты затыны – әріп. Шешенсөз бен көсемсөзді қатар қойып салыстырғанда мына мәселе айқын көрінеді: әлеуметтік-тілдік фактор. Қазақ қоғамында жазба мәдениет кенжелеп тұрған заманда шешенсөз

longer exists nor has any relevance to that community. His accuracy with a rifle and the mystique surrounding him earn him the ambivalent tolerance of the community at large, but when he speaks it is with bitterness and for some time he remains a morose, unpleasant figure intractable to the kindness and benevolent nature of Judge Temple. He is drawn into the affairs of the settlement only through his association with Oliver Effingham; otherwise he is content to exist, aloof and recluse, with his Indian companion on the other side of the lake. His agency in the main plot of the novel only becomes active one third of the way through the book when Elizabeth Temple enlists his help in the Christmas Day turkey-shooting match. And it is through the three major shooting incidents in the book that Bumppo becomes attractive. First, when he kills the turkey in the shooting competition; then when he shoots one specific pigeon separated from the millions in their migratory passage over the valley; finally when he shoots the panther to save the life of Judge Temple's daughter. It is because of such feats as these that he achieves his stature in the novel rather than because of the symbolic role he plays as victim of society. Throughout, he is the hunter and marksman, the man who shoots the panther rather than the man who goes to prison for slitting the throat of a deer out of season. He is the adventure-story hero displaced from centrality because Cooper's concerns were more socially oriented at this stage.

The fact that J.F.Cooper entitled the book *The Pioneers* instead of *the Pioneer* seems to reflect the bias of the author in that Judge Temple and Oliver Effingham are the most sympathetic characters, rather than the character most germane to the frontier situation, the Leatherstocking. J.F.Cooper's interest in the way civilization impinged upon the wilderness is explicit, as we know from *Home as Found*, and he declares his preoccupation with the way in which society evolves vertically rather than the way it expands horizontally. These polarized interests constitute the central confusion of the book, the way in which he attempts to advance the cause of Judge Temple over that of Bumppo. But Bumppo is a character who interests him. In spite of his old age, debilitation and surliness, he has a vigour which makes the Judge's best attributes seem sanctimonious and his worst seem like self-induced suffering. The confrontation of the two results from the deer killed out of season and Bumppo's refusal to allow his shack to be searched. There is a superstructure of secondary interests here: whether or not Natty has found a silver mine; what is the secret of his shack; and wherein lies his antipathy to Judge Temple. But the

main clash is only between two different ways of life. Temple represents the sophisticated social intelligence while Leatherstocking represents the untutored, and recalcitrant man of nature. The result is therefore inevitable and Bumppo must be punished while the Judge must be lenient to maintain the character of one exercising "wholesome restraints".

The courtroom scene was a difficult one for J.F.Cooper to portray since the verdict had to be pronounced against Natty to preserve the hypothesis of the novel. But by this time, the prowess and steadfastness of the old hunter have increased his stature. Therefore, Bumppo comes out of court a character engaging the sympathy of the reader: "Natty seemed to yield to his destiny, for he sunk his head on his chest, and followed the officer from the court-room in silence" [9, 360], and Temple becomes the impotent legislator, constricted and manipulated by the system he is meant to interpret. The Judge isn't without sympathy for the old man and feels anguish for the punishment which the hunter must receive. This clarifies one of the interesting parallels of the book in that Judge Temple becomes more of an acceptable character, the more like Natty he becomes. Among his genuinely endearing qualities are his consideration for nature and creation in general, albeit in a very utilitarian way. The Judge is in favour of a cautious exploitation of nature, which likens his position to that of the old hunter to whom nature is sacred. Bumppo shoots one pigeon, spears one fish, but he also kills one deer and is therefore persecuted by laws which are intended to safeguard the attitude of which he is the living embodiment: frugality, respect and utility. Hence the nascent ambivalent feelings towards the Judge on the part of the author, whose sympathy becomes redirected towards the hunter.

J.F.Cooper points out clearly the hunter's purity of heart during the night fishing episode on the lake. The villagers had to work hard to build a fire by which to see the fish and illuminate the scene. When built, their fire was fitful and erratic. As the villagers drag the thousands of fish to the shore they will eventually rot upon, they see the old hunter fishing on the other side of the lake. At first they see only his torch: "*Such an object, lighted as it were by magic, under the brow of the mountain, and in that retired and unfrequented place, gave double interest to the beauty and singularity of its appearance. It didn't at all resemble the large and unsteady light of their own fire, being much more clear and bright, and retaining its size and shape with perfect uniformity*" [9, 251]. And soon the old hunter becomes visible intent on catching, more correctly "spearing", the one fish which will be enough for his needs.

Unfortunately, J.F.Cooper makes the whole statement too explicit when he has the old man castigate the wanton excess of the villagers, and rescue one of their number who has fallen in the lake. But this is the aspect of the hunter's personality which prevails: the competent, self-reliant, reverent force which abhors the "wasty ways" of the settlers. At this point there begins a weakening of the primary theme of the novel, that which "centres around the Temples and Effinghams, and strengthening of sympathy for the Leatherstocking who, in this novel, appears at first as no more than the associate of the formal hero". Given J.F.Cooper's explicit interest in the developing social forms within a pioneer community, and the way in which the direction of *The Pioneers* shifts towards the old hunter, it seems Cooper didn't fulfill his original intention in the book. *The Pioneers* begins as a creative exposition of moral excellence oriented to social practices, and ends as an examination of the frontier hero. In the subsequent Tales, J.F.Cooper developed this figure

more fully, creating a situation in which the frontier hero is seen as the mythic prototype of the American consciousness.

We attempt to trace the way in which the full status of the hero becomes apparent; and to see the ways in which the underlying themes of the myth are common to the remainder of J.F.Cooper's work. On these themes, he most important are his passionate love and concern for America. We deal with the emergence of the mythic hero in *The Pioneers*, where Cooper's concerns were originally more oriented towards a literal approving exposition of social order. Also we trace the specialized distinction between America and Europe which J.F.Cooper erects, especially in *The Prairie*. Also we discuss the light in which J.F.Cooper sees the Native Americans (the Indians), the race with which white civilization must come to terms. We focus on *The Deerslayer*, the last book of the series, in which J.F.Cooper expounds most fully the white, Christian characteristics of his mythic hero.

#### References

- 1 Russel Kirk. *The Conservative Mind*. – London, 1954. – P. 177.
- 2 Reprinted in K.S.Lynn. *The Comic Tradition in America*. – New York, 1958.
- 3 R.W.B. Lewis. *The American Adam*. – Chicago, 1965. – P. 102.
- 4 D.H. Lawrence. *Cooper's Leatherstocking novels*. – London, 1961. – P.327.
- 5 L.Fiedler. *Love and death in the American novel*. New York, 1960. – P.172.
- 6 R.Graves. Introduction to Larousse Encyclopedia of Mythology. London, 1959. – P. v.
- 7 J.F.Cooper. *The Prairie*. – New York, 1960. – P.73.
- 8 J.F.Cooper. *Home as Found*. New York, 1961. – 329 p.
- 9 J.F.Cooper. *The Pioneers*. – New York, 1964. – P.369.
- 10 F.J.Turner. *The Frontier in American History*. –New York, 1920. – P.3.
- 11 Butterfield. *Cooper's Inheritance*. – P. 320.

#### Литература

- 1 Russel Kirk. *The Conservative Mind*. – London, 1954. – P. 177.
- 2 Reprinted in K.S.Lynn. *The Comic Tradition in America*. – New York, 1958.
- 3 R.W.B. Lewis. *The American Adam*. – Chicago, 1965. – P. 102.
- 4 D.H. Lawrence. *Cooper's Leatherstocking novels*. – London, 1961. – P.327.
- 5 L.Fiedler. *Love and death in the American novel*. New York, 1960. – P.172.
- 6 R.Graves. Introduction to Larousse Encyclopedia of Mythology. London, 1959. – P. v.
- 7 J.F.Cooper. *The Prairie*. – New York, 1960. – P.73.
- 8 J.F.Cooper. *Home as Found*. New York, 1961. – 329 p.
- 9 J.F.Cooper. *The Pioneers*. – New York, 1964. – P.369.
- 10 F.J.Turner. *The Frontier in American History*. –New York, 1920. – P.3.
- 11 Butterfield. *Cooper's Inheritance*. – P. 320.

Только добрые люди могут построить добрый город.

*Абу Наср аль-Фараби*

Чем ниже человек душой, тем выше задирает нос.  
Он носом тянется туда, куда душою не дорос.

*Омар Хайям*

Есхуатова Н.Б.  
**Обзор и его виды в  
интернет-пространстве**

В этой статье автор исследует жанр «обзор» в журналистике. В Интернете обзор является одним из наиболее распространенных жанров, привлекающим читателей к аналитике, а также в масштабе, и присутствуют материалы из различных источников. В настоящее время средства массовой информации Казахстана играют важную роль в онлайн-СМИ, в том числе обзор предоставляет прекрасную возможность для пользователей быть в курсе всего, или в конкретном вопросе, в той или иной проблеме. Обзор дает объективную оценку журналиста к событию, ряду событий и, таким образом, представляет реальную картину того, что происходит.

**Ключевые слова:** обзор, анализ, аудитории, интернет.

---

Eshuatova N.B.  
**Review and its kinds in the  
Internet space**

In this article, the author explores the genre of “review” in journalism. On the Internet, review is one of the most common genres that attracts readers to analytics as well as at scale, and present material from different sources. Currently, the Kazakh mass media play an important role the online electronic media, among them the review provides an excellent opportunity to the users to be aware that a particular issue, in one or another problem. The review gives an objective assessment of the journalist to the event, a series of events and thus present real picture of what is happening.

**Key words:** review, analysis, audience, online.

---

Есхуатова Н.Б.  
**Интернет кеңістігінде шолу  
және оның түрлері**

Бұл мақалада автор журналистикадағы «шолу» жанрын зерттейді. Интернетте, сондай-ақ оқырмандардың арасында таратылады, ең танымал жанрлардың бірі болып табылады, сондай-ақ әр түрлі сілтемелерден алынған материалдар бар. Қазіргі уақытта Қазақстан БАҚ-та шолу, оның ішінде интернетте маңызды рөл атқарады, пайдаланушылар көптеген проблемаларды шолу арқылы көре алады, барлығын түсінеді немесе белгілі бір мәселе қарастыру үшін тамаша мүмкіндік береді. Шолу, бірқатар іс-шараларға журналист объективті баға береді және осылайша, не болып жатқанын нақты бейнесін білдіреді.

**Түйін сөздер:** шолу, талдау, аудитория, онлайн.

## **ОБЗОР И ЕГО ВИДЫ В ИНТЕРНЕТ- ПРОСТРАНСТВЕ**

### **Введение**

Обзор – аналитический жанр, в котором рассматриваются, анализируются события, или ситуации, случившиеся за определенный период времени.

Главным приемом обзора является анализ фактов с обязательным приведением точки зрения автора и с использованием общественного мнения.

Термины «обзор», «обозрение», «обозреватель» очень известные в журналистике. В газетах, в журналах часто встречаются рубрики «обзор писем», «обзор печати». В обзоре журналист рассматривает круг проблем, круг каких-то событий, или явлений за какой-то определенный отрезок времени.

В жанре обзора журналист не только обозревает какие-то события или явления действительности, но и дает им оценки как с позиций общественного мнения, так и с личных, собственных позиций. Поэтому специализация «обозреватель» всегда была в почете в журналистике.

Виды обзоров:

По тематике:

- обзор спортивных новостей;
- обзор культурных новостей;
- обзор студенческой жизни;
- литературный обзор и т.д.

Эти обзоры зачастую бывают связаны с какими-то мероприятиями. Например, с конкурсами, фестивалями, спартакиадами, олимпиадами и т.д. Поэтому эти обзоры передаются, как «Дневник олимпиады», «Дневник такого-то конкурса». Например, у нас в Алматы ежегодно проходит международный конкурс «Алматы – мой любимый город» по телевидению, и на страницах прессы даются материалы.

Виды обзора по направлению:

- обзор печати;
- обзор радиопередач;
- обзор ТВ-передач;
- обзор интернет-источников.

Обзор печати – это своеобразное обозрение, в котором анализируется, рассматривается, оценивается под известным углом зре-

ния постановка тех или иных проблем в газетах и журналах за какой-то период, в иных случаях – деятельность печатного органа в целом [1]. Обзор печати обычно печатается в изданиях выше статусом. Например, обзор областных изданий может печататься только в республиканской прессе.

### Основная часть

В настоящее время обзор печатных органов публикуется в Интернете.

Также в газетах публикуются под специальными рубриками обзоры различных отраслей производства. Например, в таких деловых изданиях, как «Деловой Казахстан» – обзоры проблем в нефтяной отрасли, в финансовой сфере, в промышленности цветных металлов и т.д.

Обзор печати – это обычно редакционное выступление, публикуемое без подписи. Значит это редакционное мнение.

Обзор телевизионных программ и программ радио, хотя и редко, но можно встретить на страницах печатных изданий.

Также обзоры делятся:

Виды обзора по обозреваемому периоду:

- обзор событий прошедшего часа;
- обзор событий за день;
- обзор событий за сутки;
- обзор событий за неделю;
- обзор событий за полгода;
- обзор событий за прошедший год.

Главным акцентом в жанре обзора является объединение фактов в форме панорамы жизни всего общества или определенной его сферы. Значит, обзор какого-то события или мероприятия проводится в контексте всей жизни планеты, государства, региона и т.д.

Существуют обзоры:

- внутренние – о событиях внутри страны;
- международные – о событиях международной жизни.

Исследователь жанров печати А.А. Тертычный различает «обозрение» и «обзор» как два различных понятия. Он пишет, что обозрения можно найти в трудах Плутарха (I-II в.в.), позже – в дидактических обозрениях китайца Ван-Ан-Хи (XI в.), а также в «Опытах» Монтеня (XVI в.) и в «Главах» из книги «Обозрения Парижа» Луиса Себастьяна Мерсье (XVIII в.). Именно последнего считают основоположником журналистского обозрения [2].

По мнению исследователя, обзор и обозрение два различных жанра. Хотя другие исследователи придерживаются иной точки зрения.

В настоящее время деловые газеты Казахстана публикуют на своих страницах обзоры различных рынков. Вот, например, в газете «Фокус» имеются такие рубрики для обзора, как: «Обзор рынка нефти», «Обзор рынка металлов», «Цены», «Дефолт» и др. Зачастую эти рубрики ведут профессионалы той отрасли, которая обозревается. Некоторые идут без автора, от имени редакции. Такие обзоры подкрепляются диаграммами, таблицами и т.д.

Жанр «обзор» требует от журналистов широкого знания рассматриваемой темы, широкого кругозора самого автора, большой подготовки. [3] В последнее время обзор СМИ стал публиковаться в Интернете, что усилило интерактивность жанра. Тематические границы обозрения тоже расширились. Обозрения пишутся на следующие темы:

- Политика;
- Экономика;
- Культура;
- Спорт;
- Наука [4].

Пример обозрения (отрывок):

«Йеменская головоломка».

«Вот и Йемен не миновала беда. Худшие последствия «арабской весны» пришли сюда спустя четыре года; на Ливию и Сирию они обрушились давно и превратили эти страны в какие-то окровавленные обрубки. Теперь, видимо, кровопролитие в Йемене начнется уже по настоящему, не так, как это было в начале «арабской весны», когда вспыхнуло восстание против президента Али Абдаллы Салеха. Долго держался «сильный человек» Йемена, не поддаваясь давлению ни «старшего брата» – Саудовской Аравии, ни Вашингтона, стремившегося направить ситуацию по тунисско-египетскому сценарию. А когда ему все же пришлось уйти, во весь рост встала старая арабская (и далеко не только арабская) дилемма: что лучше – диктатура, задушившая свободу, но обеспечивающая порядок и стабильность, либо революция, пьянящий запах свободы, разгул всех возможных сил, правых и левых, от современной образованной молодежи, «поколения интернета», до исламистских мракобесов, и при этом – неприменный хаос и развал экономики.

Хорошо для Йемена, что там нет этнических распрей, все жители – арабы. Как и все горцы повсеместно, люди свободолюбивые и воинственные, в каждом доме винтовка. А вот нефти Аллах не дал, не то что соседям. Что касается религии, то из 26-миллионного населения страны

от 60 до 70% составляют сунниты, остальные – в основном шииты особого, зейдитского толка. Они называются так по имени жившего в VIII веке н.э. предводителя восстания против суннитского халифа. Зейдиты считаются более умеренными шиитами, чем те, которые доминируют в Иране и Ираке, и в Йемене их взаимоотношения с суннитами не доходили до кровавых междоусобиц. Но всему бывает конец. Когда на смену Салеху после длительной внутренней борьбы пришел нынешний президент Хади, не обладающий ни волей, ни харизмой своего предшественника, власть явно зашаталась, фракционная грызня достигла такого уровня, что все слои населения открыто выражали недовольство. И тут на сцену открыто вышли добивавшиеся в течение нескольких лет своего рода автономии племена северной провинции Саада, зейдиты по своей конфессии, хуситы (или хауситы) по названию, – от имени их не так давно убитого вождя Хуси.

За спиной хуситов стоит могущественная цитадель мирового шиизма – Иран. Видимо, тегеранские власти финансируют и вооружают хуситов, видя в них своего рода йеменское издание ливанской Хезболлы, орудие в борьбе против суннитских гегемонов арабского мира (из 21 арабской страны в 20 правят сунниты). Остатки прежнего режима, в котором доминировали сунниты, пользуются поддержкой Саудовской Аравии и США.

Правители Йемена, союзники саудовцев и американцев, стараясь уничтожить плацдарм исламистов в своей стране, прибегли к помощи Вашингтона. Американских войск в Йемене нет, но эффективно действуют дроны, беспилотники, наносящие наследникам бен Ладена большой ущерб.

Таким образом, власти Саудовской Аравии, а с ними и их вашингтонский протектор, оказались между двух огней: йеменские хуситы, шииты, ставленники Ирана и «Аль-Каида», пусть и суннитская организация, но непримиримый враг монархии. Сейчас, судя по всему, в Эр-Рияде и Вашингтоне приняли решение нанести удар по ближайшему, непосредственному врагу, хуситам, а уже потом искоренить и АКАП. Сформирована коалиция арабских государств, начались удары с воздуха.

Кто победит – предсказывать неразумно. Возможно, начинается не просто гражданская война, но «война по доверенности», первый акт грандиозной конфронтации двух исламских фундаментализмов, суннитского и шиитского, во главе, соответственно, с Саудовской Аравией и Ираном [5].

### Вывод

Таким образом, обзор представляет собой полный, обстоятельный анализ ряда объектов или субъектов в пространстве или во времени.

### Литература

- 1 По материалам интернет-ресурсов [youtube.com/watch? v=EPtCccZMKRQ](https://www.youtube.com/watch?v=EPtCccZMKRQ)
- 2 Тертычный А.А. Жанры периодической печати. – М., 2002.
- 3 Стилистика газетных жанров. – М. 1989.
- 4 Барманкулов М.К. Весь мир в твоей квартире. – Алматы, 1982.
- 5 <http://www.novayagazeta.ru/politics/67786.html>

### References

- 1 Po materialam internet-resursov [youtube.com/watch? v=EPtCccZMKRQ](https://www.youtube.com/watch? v=EPtCccZMKRQ)
- 2 Tertychnyi A.A. Zhanry periodicheskoi pechati. – M., 2002.
- 3 Stilistika gazetnyh zhanrov. – M. 1989.
- 4 Barmankulov M.K. Vesj mir v tvoei kvartire. – Almaty, 1982.
- 5 <http://www.novayagazeta.ru/politics/67786.html>





4-бөлім  
**ЭЛЕКТРОНДЫ АҚПАРАТ  
ҚҰРАЛДАРЫ**

---

Раздел 4  
**ЭЛЕКТРОННЫЕ СРЕДСТВА  
ИНФОРМАЦИИ**

---

Section 4  
**ELECTRONIC MASS  
MEDIA**

Әбжанов Қ., Иманалиев Ж.О.

**Монтаж – кадрларды тіркеу  
ғана емес**

Кино мен телевизия шығармашылығында монтаждың орны ерекше екенін көрсету мақаланың мақсаты. Мұнда экран тілінің осы тәсілінің бастауындағы теорияшылардың еңбектері мен жаңалықтары айтылып, тиісті мысалдармен түсінік беріледі. Көп жылғы тәжірибеден жинақталған монтаждың мүмкіндіктері бүгінде қажет мөлшерде, өз орнымен пайдаланылмай жүргені проблема болып көтеріледі.

**Түйін сөздер:** монтаж, Монтаж, телевизия, кино, сюжет, сценарий, кино тілі, телесериал.

---

Abzhanov K., Imanaliyev Zh.

**Installation is not just connecting  
frames**

The paper examines the role and possibilities of television mounting. As part of the on-screen language, a form of visual art, installation has a huge artistic and expressive possibilities in film and on television. Unfortunately, today's directors are not sufficiently use rich creative tools methods of building plots. Especially this neglect is evident in the domestic TV series.

**Key words:** Mounting, television, cinema, plot, scenario, language of cinema, TV series.

---

Абжанов К., Иманалиев Ж.О.

**Монтаж не просто соединяет  
кадры**

В статье изучаются роль и возможности монтажа на телевидении. Являясь составной частью экранного языка, формой изобразительного искусства, монтаж имеет огромные художественно-выразительные возможности и в кино, и на телевидении. К сожалению, современные режиссеры в недостаточной степени используют богатый творческий инструментарий методики построения сюжетов. Особенно такое пренебрежение заметно в отечественных телесериалах.

**Ключевые слова:** монтаж, телевидение, кино, сюжет, сценарий, язык кино, телесериал.

## МОНТАЖ – КАДРЛАРДЫ ТІРКЕУ ҒАНА ЕМЕС

Мақалаға арқау болып отырған мәселенің тақырыбы тың дей алмаймыз. Керісінше көптен бері айтылып, жазылып келе жатса да, көпшілік біле бермейтін сырлары баршылық. Мақсат соларға тағы да назар аударту. Олай дейтініміз, бүгінде монтаждың көп жылғы ізденістерден жинақталған көркемдеу тәсілдері мен мүмкіндіктері қолданыстан қалып барады. Ал бұл аға буын киногерлеріміз бен теорияшыларымыздың асыл мұрасына деген қиянат десе болады. Мысалы кезінде ұлы кино-режиссер Сергей Эйзенштейн, монтаж это великая штука, деп ұлы қасиеті бар әрекетке теңесе, Сұлтан Қожықов («Қыз жібек» фильмінің режиссеры) монтаж сөзбен айта алмайтын ойды жеткізе алады деген пікір айтқан болатын.

Әрине бүгінгі кинематограф алғы буын ұстаздардың үлгісін ұстанып жүргенін жоққа шығара алмаймыз. Біздің көңіліміз толмайтыны телевизиялық көркем фильмдер мен сериалдардың құнарсыз болып шығып жатқаны. Нақтырақ айтқанда, мұндай шығармалардың басты кемшілігі, соларды жасайтын режиссерлардың монтажды шебер қолдануға құлықсыз болуынан. Ендеше монтаж туралы тағы да әңгімелеудің реті бар.

Жазба әдебиетіндегі сияқты кино, телешығармашылықтарда да көркемдеу тәсілдері баршылық. Солардың ішінен алғаш пайда болған оңай жасалатын қолданыс ретінде *теңеу мен метафораға* тоқталайық. Кино теорияшылар жазған әдебиеттерде кинотеңеудің классикалық үлгісі ретінде алғашқы Ресей кинематографистерінің шығармашылығынан мысалдар келтірілген.

Кесіп-жалғау тәсілінің күрделісі, қызықтысы да – көркем монтаж. Өз кезегінде көркем монтаждың бірнеше түрі болады:

- Теңеу, метафора беретін тәсіл.
- Ассоциативтік монтаж.
- Қиылыспайтын (параллельный) монтаж.
- Қыйылысатын (перекресный) монтаж.
- Пластикалық монтаж.
- Шолақ монтаж.

Ал кинометафораның классикалық мысалы ретінде Ресей режиссерларының бірі Лев Кулешовтың бір түсірілімін алған. Мұнда да қызу тартыс пен өтіп жатқан жиналыста көпшілік бір адамға қарсы шығып, оны шеттете бастайды. Осы кадрден ке-

йін далада өсіп тұрған жалғыз ағаш көрсетіледі. Жалпы орта планда соқпақ жол ағаштың екі жағына айырылып кете барады. Яғни монтаж тілі жиналыстағы мәселенің мәні екіге бөлінді, ал адам оқшау қалды дегенді айтып тұр. Бұл адамды тал ағашқа теңеу арқылы кинометафора тәсілі болып шыққан.

Осылай басталған кинодағы теңеу мен метафора күні бүгінге дейін қолданыста бар және оның көркемдік деңгейі артып келеді.

Журналистика факультетінің кезінде республикалық Қазақстан телеарнасының эфиріне шығып тұрған «Сана» телебағдарламасында аталмыш тәсіл көрініс берген. Студент шығармашылығын насихаттау мақсатында жас ақынның бір өлеңі оқылды. Өлең жауапсыз махаббат туралы. Нақты айтқанда ақын қыздың лирикалық сюжеті, троллейбуста бір жігітке сырттай ғашық болған қыз образын сомдайды. Сол қыз жігітті көрген сайын қуанып, өзінше рухани ләззат алып жүреді. Бір күні ол жігіт көрінбей кетеді де үміт үзіледі. Осы өлең оқылып жатқан кезде бір қызғалдақ гүлі (режимдітүсірілім арқылы түсірілген) өсіп шығып гүл ашады, сонан соң қайтадан басы төмен иіліп, салбырап солып қалады. Осы көрініс өлеңнің мазмұнына қарай бөлініп, үш жерден көрсетіледі. Міне бұл ақындық сезімді гүлге теңеу болып шықты.

Ассоциация – Латын тіліндегі – *associatio* (*associationem*) – Жолдас, қоғам деген мағыналарды беретін сөзден тамыр алады. Онан әрі *sequi* – ілесу деген мәнді береді деген түсініктемелер де бар екен. Бұл мәліметтер орыс тілінің түсіндірме сөздігінен алынған. Байқасаңыздар бұлардың бәрінің ортақ мағынасы – жақындасу, бірігу дегенге келетін сияқты. Енді Д. Ожеговтың сөздігіндегі тұжырымға назар аударайық. Ассоциация – бір-бірінен туындап отыратын жеке-жеке ұғымдардың арасындағы байланыс дейді. Міне, осы айтылғандарға сүйене отырып, кинематография теоретиктері *Ассоциативтік монтаж* деген мағыналары әртүрлі екі кадрды тіркегенде үшінші бір ұғым алынатын тәсіл деген тұжырымды киношығармашылықтың сөз қорына енгізген.

Енді осы тәсілді бірінші болып қолданысқа ендірген Михаил Ром деп көрсетеді теориялық әдебиеттерде (бәлкім әлгі анықтамалық тұжырымды алғаш айтқан да сол кісі болар). Атақты кинорежиссер Кеңес Үкіметінің алғашқы кезіндегі бір партия жиналысының жұмысын түсіреді. Бір бөлмеде кезекпен сөйлеп жатқан делегаттардың сөздері кезегіменен синхронды түсіріліп алынып монтаждалады. Сөйлеушілер-

дің әрқайсысы әр түрлі пікір айтып жатса да, бірсарынды сөйлеушілер суреткер режиссерді жалықтырып жіберген болса керек, ол түсірілімге тартымды бір тыныс беруді ойлайды. Сөйтіп сөзі ұғымды, мағыналы сөйлеген адамның кадрінен кейін, сұлу сазды арфада ойнап отырған өнерпаздың кадрін тіркейді. Ал шала-шарпы ой айтып, мардымсыз сөйлеген адамның синхронынан кейін балалайканы шарпу шертіп ойнаған орыс мұжығының кадрін берген. Міне, өздеріңіз байқап отырғандай, М. Ром жақсы сөзді әсем әуенге, керісінше мағынасы аз құнарсыз сөзді балалайканың даңғыр-дұңғырына теңеген.

Киношығармашылықта мұндай жаңалық ашу оңай шаруа емес. Қандай шығармашы болса да оған алдымен ой келеді, идея туындайды. Онан соң соны жүзеге асыру әрекеті басталады.

Монтаж столында отырған режиссер ой тербей отырып, әлдебір кадрді монтажға кірістіргісі келеді, бірақ ондай кадр қол астында болмай қалады, сол кезде, мүмкіндік болса, операторына тапсырма беріп жұмсайды. Ал мүмкіндік болмаса бармағын шайнап қалады. Бұл режиссер үшін – трагедия. Осы себепті де киногерлер арасында «құнды кадр» жинау үрдісі бар.

Сондай экран тілін көркемдеуге қажет болатын біршама құнды кадрларға назар аударайық:

- Жартасқа соққан толқын, – шабыт, жастық арман, шарқ ұрған қиял.
- Қураған және гүлденген ағаштар, – адам өмірі, көңіл сәттері.
- Көтеріліп ұшып кеткен аққу, – сағыныш, құлазыған көңіл.
- Қыран қалықтауы, – жеке батыр, жасампаз ой.
- Дүрілдей көтерілген құстар, – үрей, қорқыныш.
- Теңіз көкжиегінен көрінген ақжелкен, – үміт.
- Ұлып үрген ит, – жамандықтың нышаны.
- Бұлт басқан ай, – жабырқау көңіл, сәтсіздік.
- Сағымды далада жел қуып жөнкіген қаңбақ, – шарасыздық, тағдыр тәлкегіне түскен пенде.
- Қисық-қисық қиралаң өскен қураңқа ағаш, – өмір тауқыметі.
- Кесілген ағаш, – өмірдің ақыры...

Мұндай кадрларды түсіру оңайға түспейді. Оператор мен режиссер кино болсын, телешығарма болсын, түсірілім жүріп жатқанда, әлгідей құбылыстар кездесіп қалса, қалт жібермей кадрге алу керек. Мейлі бұл сценарийде болсын-болмасын, шарт емес. Кино не бейнебаян тілінің қадірін білетін режиссерлар әлгідей өмір көріністерін іздеп жүреді. Өйткені монтаж кезінде әлдебір сюжеттің мәнін ашу үшін кәдеге жарап кететініне кәміл сеніңіз.

### Әдебиеттер

- 1 Барманқұлов М. Телевидение: деньги или власть. – Алматы: «Санат», 1997, 235 б.
- 2 Бейсенқұлов А. Телеконтентті дамытудағы сандық технологияның жаңа мүмкіндіктері. «Қазіргі қазақ тележурналистикасының өзекті мәселелері мен даму тенденциялары: ұлттық мүдде, ақпараттық қауіпсіздік, кәсіби ұшқырлық» атты республикалық дөңгелек үстелдің материалдары. – Алматы, 3 сәуір, 2015 жыл. 23-26 б.
- 3 Муратов С. Диалог: Телевизионное общение в кадре и за кадром. – М.: «Искусство», 1983. – С. 7-8.

### References

- 1 Barmankylov M. Televidenie: dengiilivlast. – Almaty: «Sanat», 1997. – 235 b.
- 2 Beisenkulov A. Telecontenttydamytudagysandyktechnologianynzhanamumkindiktery. «Kazyrgy kazakh telejurnalistica-synynozekty maselelery men damy tendencialary: ulityk mudde, akparattyk kayipsizdik, kasibi ushkurlik» atty respublikalyk dongelek usteldin materyaldary. – Almaty 3-sauir, 2015 zh. – 23-26 b.
- 3 MuratovS. Dialog: Televisionnoeobshenie v kadreakadre izakadrom. – M.: «Iskusstvo», 1983. – С. 7-8.

Қабылғазина К., Лепесова А.

**Бала болмысының  
қалыптасуына  
телевизияның әсері**

Телевизиядағы озбырлық әрекет әсерлі көрінеді, әрі тілдік және мәдени айырмашылықтарға қарамастан, бәріне бірдей түсінікті болады. Отандық арналардың басым көпшілігі көрерменіне осындай дүниелерді ұсынуға құмар. Сенсацияға ұмтылған арналарда жан түршігерлік оқиғаларды ашық көрсететін кадрлар беріліп жатады. Ғалымдар дәлелдегендей, мұндай қатыгездікті үнемі көріп үйренген жастар оны сезінбейтін болып алады және шынайы өмірде қайталамасына ешкім кепілдік бермейді.

**Түйін сөздер:** телевизия, озбырлық, тілдік, мәдени, сенсация.

---

Kabylgazina K., Lepesova A.

**Influence of television shaping the  
child's development**

Footage of violence on television, are understood by all despite the differences in language and culture. Almost all national channels are trying to provide such videos. Some channels that seek sensation are openly broadcasting the violent footage. As scientists argue young people who usually watch violent scenes are more likely to be cruel. The impact of TV on child psychology is one of the modern problems.

**Key words:** psychology, national, problems.

---

Қабылғазина К., Лепесова А.

**Влияние телевидения на  
развитие ребенка**

Кадры насилия на телевидении, несмотря на языковые и культурные различия, к сожалению, понятны всем. Почти все отечественные каналы стараются предложить своим зрителям такие видеосюжеты. Ученые доказали, что молодые люди, постоянно наблюдающие жестокость, становятся бесчеловечными и безжалостными. Влияние телевидения на детскую психику является одной из современных проблем глобального общества.

**Ключевые слова:** насилие, влияние, психология, СМИ, сенсация.

**БАЛА БОЛМЫСЫНЫҢ  
ҚАЛЫПТАСУЫНА  
ТЕЛЕВИЗИЯНЫҢ ӘСЕРІ**

Балалар бағдарламалары негізінде тәрбиелік қызметті жүзеге асырады. Бағдарламалар бала мен қоғам арасындағы байланысты қамтамасыз етеді. Балаларға арналған бағдарламалардың тәрбиелік қызметінің қаншалықты дұрыс жүргізілгендігін анықтайтын негізгі белгілері мыналар: а) бағдарламада берілген ақпараттың толық, толыққанды қабылдау үшін қолжетімді әрі түсінікті болуы; ә) бағдарламаға қызығушылығын арттыру тәсілдерінің қолданылуы; б) бағдарламаның құрылуына белсенді түрде қатысуы керек; в) бағдарлама педагогтік ұстанымға сай болуы керек.

Бұл ретте Э.Г. Багиров ұсынған бағдарламалар типологиясына жүгінген орынды. Ғалым бағдарламалардың классификациясын оның функционалды құрылымына байланысты жасақтаған, ал дифференциация негізі бағдарламалардың қызметтік бағыты болды. Бұл классификацияда Э.Г. Багиров бағдарламаларды былай бөлген: ақпараттық-публицистикалық бағдарламалар. Олардың мақсаты қоршаған орта туралы мағлұмат беру, қоғамдық пікір қалыптастыру, әлеуметтік, саяси, өндірістік және басқа да мәселелердің шешімін табуға әсер ету. Ғылыми-танымдық бағдарламалар. Олар балалардың ғылым, білім, өнер, техника саласындағы танымдық қажеттілігін қанағаттандырады, дүниетанымының кеңеюіне әсер етеді. Ғылыми-танымдық бағдарламаларға дәріс беретін бағдарламаларды да жатқызуға болады, себебі, олар қоғамдық ортада жинақталған білімді таратады. Бірақ айырмашылығы ғылыми-танымдық бағдарламалар рекреативті функцияны алдыңғы орынға қойса, арнайы оқытуға, білім беруге маманданған бағдарламалар үшін көңіл көтеру функциясы кейінге ысырылады. Көркемфильмдер мен өскелең ұрпаққа эстетикалық тәрбие беретін бағдарламалар. Эмоционалды қуат беретін, демалуға мүмкіндік бере отырып, көңіл көтеретін бағдарламалар [1]. Құрылымдарының күрделілігіне қарай әр түрлі деңгейлерге бөлінгенімен балаларға арналған бағдарламалар түгелдей дерлік «Көңіл көтере отырып, үйрету керек» деген принципті ұстанады. Сонымен қатар, әр түрлі функцияларды атқаратынына қарамастан балалар мен жасөспірімдерге арналған бағдарламалардың бәріне ортақ бір нәрсе, олардың барлығы ойын түрінде ұйымдастырылады.

Телевизия басқа бұқаралық ақпарат құралдарына қарағанда біршама ауқымды аудиторияны қамтиды. Балаларға арналған телеарналардың айырмашылығы мақсатты аудитория сұранысының ерекшелігінде. Балалар телеарнасы ең алдымен мәдени-ағарту, білім беру және көңіл көтеру қызметтерін атқарады. Себебі, теледидар хабарлары қашанда тартымдылығы, жеңілдігі, мәтіндерінің әртүрлі сюжеттермен, әуендермен үйлесіп берілуі арқылы балалардың қызығушылығын оятып, өмірді жан-жақты қырынан көруге мүмкіндік береді. Тіпті, баланың басында болу болмауы неғайбыл оқиғалардан да сабақ алуға үйретеді. Ескеретін мәселе: тек хабар таратуға ғана жауапты телевизия белгілі бір ақпаратты бере отырып, көрерменіне таңдау ұсынады. Яғни, бала өзінің моральдік ұстанымдарына байланысты одан бас тартуы мүмкін немесе моральдық тұрғыдан орынды деп танып, қабылдауы мүмкін. Сондықтан, оқушыларды ақпарат құралдары ұсынатын бағдарламаларды талғаммен көруге үйрету керек. Психологтар баланың психологиялық және физиологиялық тұрғыда зиян шекпеуі үшін мына жайттарды есте ұстауға кеңес береді: 3 жасқа дейінгі балаларды экран алдына мүлде жақындатпаған дұрыс; 5-6 жастағы балалар теледидар алдында тәулігіне жарты сағаттан артық отырмауы тиіс; бастауыш сынып оқушылары аптасына екі-үш мәрте 1-1,5 сағат отырса жеткілікті екен. Балаларға арналған мультфильмдер мен фильмдерді алдымен ересектердің өзі тамашалуы керек. Себебі, кейбір өнімдер жарқ-жұрқ етіп көзді қызықтыратын арнайы эффектілер арқылы баланы өзіне тәуелді етеді; виртуалды кеңістік пен шынайы өмірді ажырату қабілеті 12 жастан кейін ғана толық қалыптасады. Сондықтан осы жасқа дейінгі баланы ешқашан теледидар мен компьютердің алдында жалғыз қалдыруға болмайды. Бірақ, күнделікті өмірде көптеген отбасыларда күнұзақ теледидар қосулы тұрады, ал кейде тіпті ата-ана үйде болмағандықтан балалар жалғызсырамас үшін теледидар алдында бар уақытын өткізеді. Балаларды теледидарға жолатпай, байлап ұстау мүмкін емес. Оған қоса қалалық жерлерде балалар еркін ойнайтын, қауіпсіз алаңдар да жоқ. Сондықтан ата-ана үшін баланың тыныш қана теледидар алдында отырғаны тиімдірек. Бірақ «көк жәшікте» көрсетілген ақпараттың баласының психологиясына кері әсері тие ме деп алаңдаушылық білдірген ата-аналар кейбір бағдарламаларға көңілдері толмайтындықтарын айтып жатады. Көрерменге сапалы өнім ұсыну үшін алдымен телевизияның бала

психологиясына қаншалықты әсер ететіндігін зерттеп білу қажет. Бұл мәселеге қатысты зерттеу жүргізген бірқатар ғалымдарды атап өтуге болады. Олар: Л. Мастерман, К. Метц, Ж. Гонне, Э. Харт, О. Баранов, С. Пензин, Л. Баженова, А. Шариков және т.б. Өкінішке қарай, отандық әлеуметтанушылар мен психологтардың «Теледидар және жасөспірімдер» (авт. А. Байшүкірова), «Балалар ерте есейгісі келмейді» (авт. Ж. Сәрсенов), «Теледидардың бала психикасына және тәрбиесіне кері әсері» (авт. Құсайынов А.) [2] т.б. сияқты бірқатар зерттеу мақалаларын есептемегенде, бала психологиясына телевизияның әсері жайында жазылған бірде бір оқулығы жоқ. Сондықтан, қандай да бір ғылыми дәлелдеме ұсыну үшін шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне сүйенуге тура келеді. Д. Лемиштің «Жертвы экрана. Влияние телевидения на развитие детей» [3] атты кітабында телевизияның балалар мінез-құлқы мен жүріс-тұрысына әсері, олардың телевизиялық кейіпкерлерді шынайы қабылдауы мен олардан үлгі алуына қатысты жүргізілген сынақтар нәтижесінде қорытынды шығарады. Лемиштің айтуынша, телевизияның пайдасы мен зиянын есептемес бұрын өзімізбен қатар өмір сүріп жатқан баланың әлеуметтік өміріне үңіліп көру керек. Ол күн сайын қандай мамандық иелерін, қандай өмірлік ұстанымдағы адамдарды көреді? Әрине, көбіне балалар отбасы мүшелерімен, мұғалімдер, сатушылар, дәрігерлер, автобус және такси жүргізушілерімен, одан бөлек әртүрлі жағдайларға байланысты тағы басқа қандай да бір мамандық иелерімен байланыс орнатуы мүмкін. Алайда, ересектер әлеміндегі көптеген мамандықтар туралы олар тек теледидар арқылы ғана біле алады. Мысалы, заңгерлер, құқық қорғау орындарының қызметкерлері, медицина қызметкерлері, танымал даңқты адамдар, қылмыскерлер және студенттер туралы ақпарат алып түсініктері қалыптасады. Содан кейін бала өзін олармен салыстыра бастайды, түрлі сұрақтарға жауап іздейді, қызығушылығы оянады. Мысалы: «Мен дәл осылар сияқтымын ба, әлде өзгешемін бе? Менің солар сияқты болғым келе ме? Олар жақсы ма әлде жаман ба? Мен қандай болуым керек?» дегендей сұрақтарға жауап іздей отырып, бала өзінің қоғамдағы орнын анықтайды. Телевизия – өнегелі білімнің негізгі көзі, себебі адамдардың болмысына қатысты көптеген мысалдарды назарымызға ұсынады. Ал телевизиялық кейіпкерлерді, олардың іс-әрекетін бағалауы балалардың түсінік-танымының дамуына негіз болады. Сәби күнінен бастап ата-анасына еліктеп, үлкендерді үл-



гі тұтып өсетіндіктен балалар үшін кез келген кейіпкерге қатысты өз ортасындағы адамдардың көзқарасын білу маңызды. Сондықтан олар көбіне әлемді «жақсы» және «жаман» деп екіге бөліп алуға ұмтылады. Сонымен қатар, кішкентай бүлдіршіндер кейіпкерге мінездеме берген кезде көбіне оның сырт пішініне ерекше назар аударады да, түр әлпеті ұсқынсыз адамдарды жаман деп қабылдайды. Ал шамамен жеті-сегіз жастан асқан балалардың өзіндік пікірлері қалыптаса бастайды да қандай да бір әрекетке себебіне байланысты әртүрлі баға беруі мүмкін. Мысалы, егер телевизиялық кейіпкер біреуге көмек көрсету мақсатында өтірік айтса «жақсы», ал арам пияғылмен дәл осы әрекетті жасаса «жаман» деп бағалайды. Осы тұста «неге біз баланың телевизиялық кейіпкерді қалай қабылдайтындығына тереңірек үнілуіміз керек?» деген сұрақ туындауы мүмкін. Біріншіден, телевизиялық кейіпкерлер – идентификация нысаны, яғни үлгі тұтып, бас иетін тұлға. Екіншіден, телевизиялық кейіпкерлер жеткіншектер еліктейтін жүріс-тұрыс үлгісін қалыптастыруға қызмет етеді. Бүлдіршіндер қандай да бір телевизиялық кейіпкерге ұқсағысы келеді, оның әрекеттерін қайталайды. Өз бойынан сол кейіпкерге тән қасиеттерді көріп, ұқсастықты байқайды. Тіпті, кейде балалар идентификация нысанымен орын ауыстырып, бағдарламаны көру барысында қаһарманның басынан өткерген қызықтарын өзі жасап жатқандай сезінуі мүмкін. Сонықтан, бағдарлама кейіпкерлерінің бойында жағымды қасиеттер мейлінше көп болуы керек. Балалар еліктейтін қаһармандар жауыздықтан гөрі мейірімділікке бейім, жақсылыққа құмар, сыпайылық пен кішіпейілдікке баулып, үлкенді сыйлап, кішіге көмек қолын созатын достықты, татулықты насихаттаушылар болуы тиіс. Десек те, бүгінгі күні экранда көрсетілетін материалдар мазмұнына қарай басымдыққа ие болып отырған жауыздық пен агрессиялық мінез-құлық – балалар мен телевизияның ара қатынасындағы ең өзекті әрі кең таралған проблема. Яғни, теледидардан көргенін өмірде қайталауға бейім балалар телевизиялық қаһармандардың зұлымдық әрекеттерін де үйреніп алып, қаз қалпында қайталайды екен. Мысалы, БАҚ таратқан ақпаратқа сүйенсек Израильде жеті жасар бала: «Суперменнің қалай ұшатынын қараңдар!» – деп айғай сала терезе-

ден секіріп, омыртқасын сындырса, Норвегияда бес жасар қызды телесериалдан көргендерін қайталаған достары мазактап қорлайды. Осыған ұқсас мысалдар өз елімізде де орын алып жатады. Көптеген коммерциялық телеарналарда зорлық-зомбылық көріністері басым екеніне дауымыз жоқ. Телевизиядағы озбырлық әсерлі көрінеді, әрі тілдік және мәдени айырмашылықтарға қарамастан, бәріне бірдей түсінікті болады. Сондықтан, телевизиялық сенсациялық өнімдер жаһандық нарықта өтімді болып отыр. Шетелдік телеарналарды есептегенде отандық арналарымыздың басым көпшілігі көрерменіне осы «өтімді тауарды» ұсынуға құмар. Күннен күнге сенсацияға ұмтылған телеарналарымызда жан түршігерлік оқиғаларды ашық көрсететін кадрлар беріліп жатады. Бұл көптеген шетелдік арналардағыдай әдетке айналып барады. Ғалымдар дәлелдегендей, мұндай қатыгездікті үнемі көріп үйренген көрермен оны сезінбейтін болып алады. Экран алдында балалар отырғанда эфирдің қылмысқа бет бұруы, зорлық-зомбылықтың басты кейіпкерлерге айналуы, ашық сексуалды көріністерді көрсетуі біздің өмірімізде орын алуы әбден мүмкін жағдай болып қалды. Егер кәметке толмаған балаңыз экраннан үнемі қылмыстық істерді бүге-шігесіне дейін, тіпті практикалық нұсқауларымен қоса дерлік көретін болса, оны шынайы өмірде қайталамасына ешкім кепілдік бермейді. «Телерадиохабар тарату туралы» заң жобасының 23-бабына [4] сәйкес, шетелдік телеарналар мен радиоларда отандық авторлардың туындылары 2015 жылдың 1 қаңтарында 50 пайызын құрауы тиіс. Сонымен қатар телеарналарда шетелдік өнімдерді қазақшаға аудару экран астындағы жүгіртпе жол арқылы емес, дыбыс негізде, яғни дубляж жасау арқылы жүзеге асырылу шарт. Заң жобасында қанау, ұрып-соғу, атыс-шабыс және анайы ақпараттар ықпалынан балалар мен жасөспірімдерді қорғау мақсатында мұндай теле және радиобағдарламаларды тек сағат 22.00 мен 07.00 арасында ғана беруге рұқсат етілетіндігі айтылған. Ал күндізгі уақыттарда берілетін шетелдік өнімдерде жоғарыда аталғандай көріністер мен ақпараттар болса, телерадиохабар тарату операторлары оларды қиып тастауы шарт. Ел болып балалардың болашағына атсалысу – өмірдің өзі алға қойып отырған маңызды міндеттердің бірі.

#### Әдебиеттер

- 1 Багиров Э.Г. [kafedramk.ru/content/](http://kafedramk.ru/content/)

- 2 [www.webirbis.ksu.kz/](http://www.webirbis.ksu.kz/)
- 3 Лемиш Д. <https://books.ru/author/lemish>
- 4 «Телерадиохабар тарату туралы» заң жобасы -[adilet.zan.kz/](http://adilet.zan.kz/)

**References**

- 1 Bagirov E.G., [kafedramk.ru/content/](http://kafedramk.ru/content/)
- 2 [www.webirbis.ksu.kz/](http://www.webirbis.ksu.kz/)
- 3 Lemish D., <https://books.ru/author/lemish>
- 4 «Teleradiohabar taratu turaly zan jobasy -[adilet.zan.kz/](http://adilet.zan.kz/)

Не принимай благодарений, без которых ты можешь  
обойтись.

*Иммануил Кант*

Единственная настоящая ошибка – не исправлять  
своих прошлых ошибок

*Конфуций (Кун-цзы)*

Әбдіжәділқызы Ж.

**Телеочерк жанрының тарихи мәні мен даму тенденциялары**

Мақалада телеочерк жанрының тарихи маңызы ғылыми-теориялық тұрғыда қарастырылып, отандық телеочерктердің кәсіби деңгейіне баға беріледі және аталмыш жанрдың даму тенденцияларына шолу жасалады. Автор Ш. Уәлиханов, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ә. Нұршайықовтардың очерктерін ұлттық көсемсөздің үздік үлгісі ретінде ұсынып, жанр аясындағы дәстүр мен жаңашылдықты салыстыра саралайды.

**Түйін сөздер:** оқиғаға жан бітіру әдісі, тұлғатану, интеллектуалдық деңгей, рухани өнім, фичерз.

Abdizhadilkyzy Zh.

**Historic essence and tendencies of development of the genre of a tele-essay**

In the article the historical significance of a tele-essay genre is examined with scientific and theoretical point of view and the professional level of domestic tele-essays is assessed and an overview of trends in the development of this genre is made.

Author examines essays of Ch. Valikhanov, M. Auezov, S. Mukanov, A. Nurshayykov as a model example of national publicism, conducts comparative analysis of traditional and innovative approaches, used in this genre.

**Key words:** revitalization method of events; knowledge of the person; intellectual level; spiritual product, ficherz.

Абдижадилқызы Ж.

**Историческая сущность и тенденции развития жанра телеочерка**

В статье рассматривается историческая значимость жанра телеочерка с научно-теоретической точки зрения, оценивается профессиональный уровень отечественных телеочерков и делается обзор тенденций развития данного жанра.

Автор изучает очерки Ч. Валиханова, М. Ауэзова, С. Муканова, А. Нуршайыкова как образцовый пример национальной публицистики, проводит сравнительный анализ традиционных и новаторских подходов, используемых в этом жанре.

**Ключевые слова:** метод оживления события, познание личности, интеллектуальный уровень, духовный продукт, фичерз.

**ТЕЛЕОЧЕРК  
ЖАНРЫНЫҢ ТАРИХИ  
МӘНІ МЕН ДАМУ  
ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ**

«Сіздерді «төртінші билік» деп кездейсоқ атамайды. Қазір БАҚ адамдар үшін «қиындықты қалай еңсеруге болады, қиындыққа қалай төтеп береміз?» деген мәселелерде «кеңесші» ретінде көрінуге тиіс. Азаматтарды басқа адамдардың тәжірибесі арқылы ізгілікке баулу – парыз. Біздің ғылыми және шығармашылық интеллигенцияға да осындай роль жүктеледі. Сенімділік, жеке белсенділік, төзімділік, патриотизм, Отанға деген сүйіспеншілік тәрізді көңіл күйді орнықтыратын материалдарды жиі беруі керек» [1].

*Назарбаев Н.Ә.*

Қазіргі заманғы телевизия – қалың көпшілік үшін ақпарат айнасы. Әлеуметтану саласының зерттеулеріне зер салсақ, 98 пайыз телекөрермен күнделікті өмірде болып жатқан оқиғаларды тележаңалықтар топтамасынан көріп біледі екен. Әлбетте, басылым беттерінен оқып, радиодан тыңдаған ақпараттармен салыстырғанда экраннан көрген ақпаратқа деген наным-сенім, яғни, иланым әлдеқайда жоғары, мейлінше, басым болады. Мәселен, жер сілкінісі болғанын теледидардан көріп көз жеткізгенше, өзі тұрып жатқан жерде жер сілкінісінің белгілі бір мөлшердегі толқыны жүріп өткеніне сенбейді. Ал теледидардан айтылған ақпаратқа дәйекті, тексерілген анық-қанық ақпарат екеніне кәдімгідей сенеді. Сондықтан да бейнелі ақпарат жеке бір тұлғаға әсер ете отырып, оның өмірге деген көзқарасын өзгертуге елеулі ықпалын тигізеді. Күні бойы энергиясын жұмсап, еңбек етіп келген кісінің өзі секілді қарапайым жұмыстан бастап, кейіннен айрықша жетістікке жеткен адамдардың жүріп өткен жолы, табанды талпынысы, ерік-жігерге толы ерекше қадамдары, күрестері мен жеңістерін өз көздерімен көргенде ертеңгі күнге деген құлшыныстары артып, сенімдері нығая түсетіні сөзсіз. Бұл ретте, жасампаз жарқын өмір, өнегелі іс кейіпкерлері туралы телеочерктердің барша және әрбір көрермен үшін рухани негізде және психологиялық тұрғыда маңызды екені ақиқат.

«Очерк жанры – кейіпкер әңгімесі мен журналистік зерттеудің арасын жалғап тұрған аралық жанр. Очерктің негізі – өмірлік факті» [2]. Очерк жанрының әлемдік журналистикадағы атауы – фичерз. Очерк жанрында жазудың стилі әр алуан бо-

лып келеді, оның қатып қалған қағидасы немесе нақты бір белгіленген үлгісі жоқ. Себебі, очерк өз табиғатында әдебиет, өнер, ғылым үшеуін бір арнаға тоғыстыратын журналистиканың синтетикалық жанры болып табылады. Очерктегі фактілер барынша көркем сипатта баяндалады.

